



ЖАНАТ ЕЛШІБЕКОВ

АЛТЫН
ҰЯ





ЖАНАТ ЕЛШІБЕКОВ

АЛТЫН
ҰЯ

АЛМАТЫ
«МЕКТЕП»
1983 ж.

Жанат Елшібеков бұл кітабында республикамыздың мектептерінде еңбек етіп жүрген ұлағаты ұстаздар туралы, сондай-ақ үлгерімі үздік, тәртібі өнегелі өнерпаз оқушылар жайлы көркем тілмен қызықты әңгімелеп береді.

М А З М Ұ Н Ы

Әр жүректе — Ильич өсиеттері	4
Өнерлі өрге жүзер	21
Оқу. Еңбек Спорт	37
Ұстаздық еткен жалықпас	49

Е $\frac{4802000000-021}{404(07)-83}$ —259—83

© Издательство «Мектеп», 1983 г.

ӘР ЖҮРЕКТЕ — ИЛЬИЧ ӨСИЕТТЕРІ



КҮМІС ҚОҢЫРАУ КҮМБІРІ НЕМЕСЕ
ПРОЛОГ ОРНЫНДАҒЫ РЕПОРТАЖ



ОКТЯБРЬДЕН ТАРАҒАН ШҰҒЫЛА



МАҚСАТ — САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ



ҮЛКЕН ЖОЛ ҮСТІНДЕ

КҮМІС ҚОҢЫРАУ КҮМБІРІ НЕМЕСЕ ПРОЛОГ ОРНЫНДАҒЫ РЕПОРТАЖ

Жез жапырақтар бірінен соң бірі үзіліп түсіп жатыр. Ауада үздіксіз қалқыған осынау сары ала жапырақтар — асыға күткен күз белгісі. Сентябрьдің алғашқы күні. Алтын күзбен бірге жаңа оқу жылында мектептер де өз есігін бүлдіршін шәкірттеріне айқара ашқан. Міне, үш ай үзілістен кейін күміс қоңыраудың даусы тағы да естілді. Күмбір-күмбір... неткен ғажайып үн. Сағынтып жеткен сырлы күмбір ғой бұл. Алғашқы қоңырау, алғашқы сабақ...

Астанадағы С. М. Киров атындағы № 12 қазақ орта мектебі де осындай қуанышты, думанды сәтке бөленген. Мектеп ауласы ақ шағаладай киінген бүлдіршіндерге лық толы. Алқызыл галстуктылар тұс-тұстан толассыз ағылуда. Жүздері бал-бұл жанады. Араларында бірін-бірі енді ғана көріп, құшақтасып мәз-мейрам болып жатқандар да бар. Қайсыбірлері жаз қызықтарын жыр етіп шертеді-ау. Ұйып қалған топ сонадайдан күліп келе жатқан апайларын көріп, қарсы жүгіре жөнелді.

— Сәлеметсіз бе, апай?..

— Әлия апай, сәлеметсіз бе?

— Ұстазым менің...

Тұс-тұстан естілген шат дауыстар шашына ақ күміс араласқан Әлия апайды бір жасартып тастағандай. Өзінің бүкіл ғұмырын жас жеткіншектер арасында өткізген ол айрықша көңілді. Шәкірттерінің «сәлеметсіз бе, апай» деген үйреншікті сөзі рақатты күй кешірген. Үлкен жүректің қуанышын көрсең, шіркін! Шеттерінен аттарымен атап, жазғы каникулды қалай өткізгендерін сұрап жатыр. Кішкентайлар да өз әсерлерін айтып тауыссайшы. Бірінен соң бірі сөз алып ұстаздарын жіберер емес. Оқушыларының думанды ортасында қанша уақыт болса да тұра беруге, олардың лүп-лүп соққан жүректерін тыңдай беруге пейіл. Бірақ... осы сәтті күткендей қоңырау күмбірледі. Иә, қоңыраудың күміс үні... Артынша-ақ бала жанының бағбаны Ленин орденді ұстаз Әлия Дүйсенова шоқ-шоқ шәкірттерімен бірге мектеп табалдырығын аттап бара жатты.

Мектеп директоры Рафиқа Нұртазинаны да оқушылар арасынан кездестірдік. Омырауындағы күн нұрына шағылысқан Алтын Жұлдыздың шұғыласы көк өрім өрендердің алау жүздерін бұрынғыдан бетер жарқыратып, жайнатып жібергендей.

— Мен де оқушыларымды сағынып қалыппын,— деген биязы мінезді Рафиқа Бекеновна мектеп өмірінен әңгіме сабақтады.

— Жаңа оқу жылында мектеп партасына мыңнан астам оқушы отырды. Жүзге жуық жеткіншек білім отауының табалдырығын тұңғыш аттады. Шәкірттеріміз үшін оқу құралдары түгелдей күн ілгеріден сатып алынған. Физика, химия, биология, математика, шет тілі және техникалық құралдар кабинеттері жаңа жабдықтармен толықтырылды. Яғни, теориялық білімді практикамен ұштастыра өткізуде жоғарыдағы секілді басқа да кабинеттердің тигізер пайдасы ұшан-теңіз. Сондай-ақ астанамызда жаңадан ашылған бейнелеу өнері мектебінің біздегі филиалы жас ұрпаққа эстетикалық білім беруде салалы жұмыстар жүргізіп отыр. Интернационалдық достық клубының, жас техниктер үйрмесінің, кішкентай натуралистер үйрмесінің сан салалы бағыттардағы жарқын істері өз көкжиегін бұрынғыдан да кеңейте түсетіні белгілі. Владимир Ильич Лениннің болған жерлеріне саяхатқа барып қайтқан оқушыларымыз мектептегі көсем музейін толықтыра түсетін тың экспонаттар әкелгенін айта кеткен жөн. Тізе берсек мектеп өміріндегі мұндай мерейлі істер көп-ақ. Ал оқушыларымыздың алдарына қойған темірқазық мақсаты асқақ та, айқын. Ол — «Ильичше оқып, Ильичше еңбек ету», «Оқы, оқы және оқы» деген көсем өсиетін бұлжытпай орындау...

Ағылған жас толқындардың мөлдір жанарлары күлім қағады. Бақытты балғындардың бал дәурен өмірлері шаттыққа толы. Қуаныш нұры ойнаған олардың жүздеріне қарай бергің келетіні аян. Сондай бүлдіршіндердің бірі қарсы алдымызда тұр. Бірінші кластың алдынан жолықтырған ақ бантикті балдырған сауалымызға қысыла жауап қатты. Атын сұрағанымызда ол:

— Айгүл,— деді.

— Балабақша жақсы ма, әлде мектеп...

— Екеуі де.

— Өріптерді жазуды білесің бе?

— ?

— Әлі-ақ жаза да, оқи да білетін боласың, Айгүлжан.

Осы сөзді айтуымыз мүң екен, ол қуанып кетті. Бота көздері жаудыраған күйі тұрған орнында секіріп-секіріп түскен. Оның бірінші кластық өзге достары да шу етіп қоя берді. Әлі де бірін-бірі жете білмейтін бейтаныстардың дауыстары бұл жолы жарқын естілді:

— Алақай, біз де жазуды үйренеміз. Ал мектеп туралы өлеңді бала бақшада үйреткен. Лезде балғын дауыстар ән жолдарын әуелетіп көтеріп кетті.

Сүйікті мектебім,

Қуанып, өзіңе оралдық...

Қалықтаған әуезді әуенге сыңғырлаған күміс қоңыраудың дауы-сы ұласты.

Оқушылар класс-кластарына жүгіре жөнелді. Барлығы да жайдары, барлығы да қуанышты. Қоңырау күмбірі оларды алғашқы сабаққа шақырған. Сонымен жаңа көкжиекке бет алған мектеп — кеме білім мұхитындағы өз сапарын ілгері жалғастырып кетті...

Ғажабы — осынау суретті ұлан-байтақ республикамыздың кез келген нүктесінен ұшыратасың-ау! Өйткені, балауса ұрпақтың екінші үйіне айналған алтын ұя — мектептердің саны бүгінде он мыңға жуық. Оларда үш миллионнан астам оқушы білім алуда. Ал, сүйікті шәкірттерінің бойына білім дәнін «егіп» жүрген бала жанының бағбандары қаншама?! Сондықтан да болса керек оқушының да, оқытушының да аузынан қатар шығар сөз:

— Алтын ұям, мектебім.

Біздің де өрбітер әңгімеміздің алтын арқауы — сол қастерлі шақырақ, ондағы мерейлі істер, шәкірттер мен ұстаздардың өнегелі өмірбаяндары...

ОКТЯБРЬДЕН ТАРАҒАН ШҰҒЫЛА

Жиырмамыншы ғасырдың ең шоқтықты оқиғасы — Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі тарихтың даму барысын сәл сәт көңіл көзімен шолып өтер болсақ, оның талай-талай бел-белестер мен алуан асуларды артқа тастап, естен кетпес елеулі мезеттерді бастан кешіп, шын мәніндегі тарихи кезеңдерден өткенін көрер едік.

Осындай ұмытылмас сәттердің бірі — 1922 жылдың 30 декабрі күнгі Советтік Социалистік Республикалар Одағы Советтерінің I съезі ашылған минуттар болатын. Сырқатына байланысты съезге келе алмаған В. И. Ленин оның құрметті председатели болып сайланғанда ұлан-байтақ елдің түкпір-түкпірінен жиналған жадау жүзді, жалын жүректі делегаттар қандай шаттыққа бөленіп, дүркірете қол соққанын әрқайсымыз өзіміз көргендей-ақ көз алдымызға елестетеміз. СССР-дің құрылуы жөніндегі декларация қабылданған тұстағы сурет те, жанарыңа қаз-қалпында жетіп келгендей. Айрықша шалқыған ыстық ықылас, шарасынан асып-тасыған шат-шадыман көңіл...

Сонымен, бұл біздің Советтік Социалистік Республикалар Одағының ұлы шаңырағы көтерілген ақжолтай күн болып тарихтың қастерлі төрінен лайықты орнын алды. Ал кемеңгер көсеміміз В. И. Лениннің: «...ерікті ұлттардың әр түрлі жеке федерациясын революциялық Россияның төңірегіне барған сайын топтаса беретіндігіне мен барынша сенемін. Бұл федерация мейлінше ерікті түрде, өтіріксіз-ақ және темірдің күшінсіз-ақ өсе бермек, сондықтан ол жеңілмейтін нәрсе», — деген сөздері ғажайып көрегендікпен айтылғандығын өмірдің өзі дәлелдеді де.

СССР-дің құрылуы — Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының ұлы жеңісі. Совет Одағы бірлесіп коммунизм орнатып жатқан тең праволы республикалардың тату-тәтті семьясы ретінде бүкіл дүние жүзінің алдында қашанда тұлғаланып көрінеді. Совет халқының өміріндегі осынау айтулы оқиға мерейлі мерекеге, үлкен салтанатқа ұласқан шақта Октябрь арайынан тараған шұғыланың ғажайып нұр болып төгілгеніне қуанар едік. Бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай ынтымағы жарасқан алуан ұлттың өкілдері ортақ мақсатқа жұмылған. Коммунистік қоғам орнату жолында олар қол жеткізген тамаша жеңістер де көл-көсір.

КПСС Орталық Комитетінің «Советтік Социалистік Республикалар Одағы құрылуының 60 жылдығы туралы» қаулысындағы: «Халықтардың тату-тәтті семьясында барлық советтік республикалардың экономикасы серпінді түрде өсіп келеді. Қазіргі заманның өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, ғылым, мәдениеттің шын мәнінде гүлденуі — бұл күндерде олардың қай-қайсысына да тән белгілер осындай. Сонымен қатар олардың қайталанбас өзіндік бейнесі, өзіндік ұлттық нышандары бар» деген жолдардың аясынан туған республикамызды да көретініміз ақиқат. Ғаламат өзгерістер күн дидарлы Қазақстан

бейнесін танымастай құлпыртып, көркейтіп жіберді. Күні кеше ғана даму атаулыдан жырақ қалып кенжелеген қазақ халқы бір ұрпақтың да ғұмырына жетпейтін уақыт ішінде қарышты өркендеу жолынан өтіп, дүние жүзілік цивилизацияның асқар шыңына самғап көтерілді. Қазір ол СССР атты ұлы одақтың терезесі тең, керегесі кең бір мүшесі.

Орайлы тұста республикадағы тек оқу-ағарту ісінің самғау баспалдақтарынан статистикалық нақты деректер келтіре отырып, халыққа білім берудің көкжиегіне көз тастағанды жөн көрдік. Революцияға дейінгі Қазақстанда орыс-қазақ училищелерінің өте аздығы, білім беру мазмұнының үстірттігі, оқу-материалдық базасының қораштығы, сондай-ақ жалпы білім беретін орта мектептердің болмауы қазақ халқының білім алу талабын тежеп келді.

Қазақстанда мектеп жүйесін қалыптастыруда қазақтың тұңғыш ағартушысы, көрнекті педагог Ыбырай Алтынсарин зор роль атқарып, нағыз көш бастаушы болды. Оның прогресшіл педагогикалық көзқарасы алдыңғы қатарлы демократиялық орыс педагогикасының, әсіресе К. Д. Ушинскийдің педагогикалық идеясы негізінде қалыптасқанын айту керек. Ы. Алтынсарин интернаты бар екі кластық училищелер (оқу мерзімі 6 жыл) ұйымдастырды. Ұлы педагогтың тікелей қатысуымен Орынборда қырғыз (қазақ) мұғалімдер мектебі ашылды. Ол орыс-қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлаудың орталығына айналды. Жаңа ғасырдың бас кезінде революцияға дейінгі Қазақстанның көптеген облыстарында жұмыс істейтін орыс-қазақ мектептері қазақ халқының әлеуметтік тұрмыс жағдайына сәйкестендірілген.

1911 жылы 350 орыс-қазақ мектебінде 6756 қазақ баласы, оның ішінде 289 қыз бала дәріс алды. Мектептерде ана тілі, орыс тілі, арифметика, ән-күй, дін сабағы жүрді, ал екі кластық училищенің жоғары бөлімінде тарих, география, жаратылыстану пәндері оқытылды. Оқу жүйесінде көрнекті орыс педагогтарымен бірге Ыбырай Алтынсариннің оқулықтары пайдаланылды. Қазақ даласындағы мектептер үшін Алтынсарин хрестоматиясының мәні ерекше болғаны мәлім.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы ғана совет еліндегі өзге халықтар секілді қазақ халқының да мәдени дамуына күрт өзгеріс әкелгені аян. Елімізде халыққа білім берудің жаңа жүйесі жасалды. Ал оның ең негізгі нысаналы принципі — оқытудың өмірмен, комму-

нистік құрылыс практикасымен тығыз байланысты болуы. Сауатсыздықты жою қысқа мерзімнің ішінде жүзеге асырылды. Міне, осы ретте игерілген әлеуметтік үлкен маңызы зор жетістіктерді сатылап айтар болсақ — алғашқыда бастауыш, одан кейін сегізжылдық және жаппай орта білім беруге қол жетті. Мерейлі істер, игілікті ізденістер, соны жаңалықтар оқу-ағарту саласының көкжиегін мейлінше кеңейтті. Соның айғағы, жетпісінші жылдарда оқу мазмұнының сапасы артты, жаңа оқулықтар мен оқу құралдары шықты. Сондай-ақ оқу кабинеттері мен шеберханалар көбейтілді. Оқу-өндірістік комбинаттарының материалдық-техникалық жабдықтары жақсартылды.

Республикада халыққа білім беру ісі жыл өткен сайын қарышты қадам жасауда. Білім ошағына айналған совет мектебі үрдіс дамыды. Уақыт, заман талабына сай оның жүйесі де, үздіксіз жетілдіріліп, оқу программалары жас ұрпақтың өрісі мен қабілетіне қарай жаңартылды да. Мұның өзі мектептің сан-салалы бағытта қыруар істер атқаруға, жас жеткіншектерге коммунистік тәрбие беруді комплексті түрде игеруге өріс ашып отыр.

Бұдан алпыс жыл бұрын 1920—1921 оқу жылында республикадағы 2410 мектепте 141 мың бала білім нәрімен сусындаса, бүгінгі таңда миллиондаған оқушылардың сүйікті екінші үйі саналатын мектептердің саны он мыңдаған. Жеке пәндерді жан-жақты, тереңірек оқытатын арнаулы мектептер санының өзі алпысқа жуық. Жалпы білім беретін мектептердің оқу-материалдық базасы нығайтылды. Оқытудың идеялық-теориялық деңгейі, оның тәрбиелік бағыты өмірмен байланысты. Оқушылардың білімге құштарлығын үздіксіз арттыру жолындағы жұмыстар жемісті жалғасуда. Кабинеттік оқу жүйесіне көшуге байланысты мектептер техникалық құралдармен жабдықталған. Магнитофон, теледидар, диапроектор, киноаппарат, — қазіргі совет мектебінің сипаты мен бейнесі, міне, осындай. Ғылыми-техникалық прогрестің мектеп өміріне де қоян-қолтық етене араласып кетуі, оқу мазмұнының артуына сапалық өзгерістер әкелгені анық. Соңғы жылдары мектептерге енгізілген жаңа оқу программасы мен жаңа оқулықтарға байланысты факультативтік сабақтар ұйымдас-тырылған. 1978—1979 оқу жылында тұңғыш рет бірінші класс оқушыларына оқулықтар тегін берілді. Ал мектеп оқушыларын тегін оқулықтармен қамтамасыз ету 1983 жылы аяқталмақ.

Орта білім алған жас ұрпақ алтын ұясы — мектебімен қоштасып, тағы бір жаңа асуға, үлкен өмірге қанат қағады. Мектеп қабырғасында алған білімін одан әрі жетілдіруді мақсат еткен қыздар мен жігіттер жоғары оқу орындарының есігін ашады. Ал қайсыбірлері еңбек әліппесінің беттерін парақтайды. Ел дәулетін еселеп арттыруға елеулі үлес қосуды көздеген кейінгі лек, кейінгі толқын өздерін ең жауапты да, күрделі сын — еңбек тезінде шыңдайды. Демек, бұл еңбек өнімділігінің, халықтың рухани мәдениеті мен санасының өсуіне, жаңа адамның қалыптасуына мол мүмкіндіктер туғызады.

Күн шұғылалы республикамызда жалпыға бірдей орта білім беруді дамыту мен жетілдіру бағытында қыруар жұмыстар тындырылды. Көңіл көкжиегін кеңейтер жақсы істер болашақта да соны серпінмен құлаш ұра бермек. Өткен оныншы бесжылдықта бір жарым миллионнан астам адам орта білім алды. Тоғызыншы бесжылдықпен салыстырғанда жарты миллионға көп екенін қуана айтамыз. Биылғы 1981—82 оқу жылында сегізінші класты бітірушілердің 98,7 проценті білімдерін орта оқу орындарында жалғастырды.

Жас өспірімдерге коммунистік тәрбие беру мәселелеріне сүйікті партиямыз бен үкіметіміз айрықша назар аударып, әкелік қамқорлық көрсетіп отыруды әсте күн тәртібінен түсірген емес. КПСС XXVI съезі бүгін таңда оқу мен тәрбие сапасын арттыру — мектептің өмірмен байланысын нығайту проблемасының алғашқы кезекке қойылып отырғанын жан-жақты терең талдап көрсетті.

Коммунистік партия бала жанының бағбаны — мұғалімдерге, болашақ коммунизм құрылысшыларын тәрбиелеу тәрізді аса жауапты міндетті сеніп тапсырып отыр. Біздің елімізде совет мұғалімінің ролі ерекше асақ. Ал мектептердің жедел қарқынмен дамуы мұғалімдерді көптеп даярлауды қажет етеді. Республикамызда осынау абыройлы міндетті 18 педагогикалық институт пен 26 педагогикалық училищелері жүзеге асыруда. Жалпы білім беретін мектептерде 193904 мұғалім ұстаздық етеді. Олардың 60,7 процентінің жоғары педагогикалық білімі бар. Шәкірттер жадына білім дәнін егуде тер төгіп жүрген мұғалімдер еңбегі де ескерусіз қалған емес. Бұл күнде 8 ұстаздың омырауында Социалистік Еңбек Ерінің Алтын жұлдызы жарқырайды. СССР Халық мұғалімі құрметті атағына 3 ұстаз ие. Мыңнан астам оқытушыға Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі деген жо-

ғары атақ берілген. Орденді мұғалімдерді республикамыздың әр мектебінен жолықтырасың. Сондай-ақ оқу-ағарту саласында он мыңдаған СССР және Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкерлері жемісті еңбек етуде.

Космос ғасыры атанып отырған қазіргі уақытта жүздеген мамандық түрі болса, соның ең құрметтісі, ең ардақтысы — мұғалім. Мұғалім тәрбиесін, мұғалім өнегесін көрмейтін адам баласы жоқ. Бір ғажабы жоғарыдағы мамандық иелерінің қай-қайсысы да ұстаз ұлағатын көріп, бой түзегендер. «Шәкіртсіз — ұстаз тұл» демекші, олардың кез келгені қай тарапта жүрсе де сүйікті мектебі, аяулы мұғалімі жайында тебірене сыр толғар еді... Сол секілді ұстаздар да көз алдында тал шыбықтай өсіп, биікке бой созған балғын шәкірттерінің өнегелі іздеріне жіті жанар жүгіртіп отырса керек. Олардың бойынан байқаған жақсы қасиеттерді кейінгі ізбасарларға іңкәрлік сезіммен жеткізгенше асығар еді...

Иә, Октябрьден тараған шұғыла қысқа мерзімнің ішінде совет мектебінің кескін-келбетін танымастай өзгертіп, жайнатып жіберді. Алпыс жыл әкелген жаңалықтар да мол. Бүгінгі оқушы уақытының денін мектепте өткізуді тамаша дәстүрге айналдырған. Күнделікті сабақтан кейін түрлі үйірмелерге қатысып, пән бойынша алған білімдерін практикамен ұштастырады. Математиканың, физика мен химияның құпия сырларына үңіледі. Ағаштан ою ойып, темірден түйін түйюге машықтанады. Өуе лайнерлері мен көк айдын корабльдерінің модельдерін өздері жасап, техника тілін меңгеруге құштарланады. Қыл қалам құдіреті — бояуларға жан бітіргенше асығады. Сондай-ақ олар спорттық секцияларға қатысып, мектеп сахнасына шығады. Өз қолдарымен мәпелеп өсірген өсімдіктер әлемі... тірнектеп жинаған мектеп музейінің экспонаттары... «жүзі басқа болғанымен жүрегі бір» жер шарының әр шалғайындағы кішкентай замандастарына хат жолдап, туған өлкеге саяхат-жорықтар ұйымдастыру, тағы-тағылар. Бозала таңнан ашылған мектеп есігі күн ұзаққа жабылмайды. Кешқұрым оның терезелерінен төгілер самаладай жарық та түннің бір уағына дейін сөнбейді-ау. Өйткені, ол — омырауында Ильич бейнесі бар жұлдызшасы ойнаған октябраттың, мойнында алқызыл галстук алаулаған пионердің, кеудесінде нарт қызыл значок жарқыраған комсомолдың екінші үйі — алтын ұясы.

МАҚСАТ — САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ

Кешегі ел басына түскен отты жылдардан қос балдақ асынып қайтқан жас жігіт Құрмаш туған жерге оралысымен қарап отырмады. Ауыл мектебінде мұғалім болып еңбек жолын бастады. Міне, содан бері де зуылдап жылдар соңынан жылдар өтті. Тарих парағына айналған сол жылдардың өз бедер-ізі бар. Ұшқыр уақыт майдангер мұғалімнің өміріне де өлеулі өзгерістер әкелген. Уақыт теңізге түсіп шыңдалған Құрман еңбек бақытын, жан рақатын балалар ортасынан тапты. Өз мамандығын қалтқысыз сүйген оның ұстаздық еткеніне де — отыз алты жыл. Осынау уақыт ішінде қаншама шәкіртті аялап, мәпелеп өсірді десеңші. Оған айғақ ұлан-байтақ Отанымыздың әр түкпірінен толассыз келіп жатар хаттар тасқыны.

Екі майданның қаһарманы атанған ұлағатты ұстаз Құрмаш Нұрғалиев есімін бүгінде тек шәкірттері ғана емес, бүкіл еліміз біледі. Өйткені, ол республикамыздағы үш СССР Халық мұғалімінің бірі. Жас ұрпақты коммунистік қоғамға лайық тәрбиелеуші, бала жанының бағбаны Құрмаш аға омырауында жауынгерлік орден-медалдарымен бірге Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендері жарқырайды. Станның жоғары наградаларының қасынан «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі», «СССР Халық мұғалімі» секілді белгілерді де көреміз. Осы бір биік құрмет пен атаққа өнегелі өмірі, жемісті еңбегі сай Құрмаш Нұрғалиев бұл күнде Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданындағы Боран орта мектебінде директор болып еңбек етеді. Ол басқарып отырған мектептің жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берудегі үлкен жұмыс тәжірибесі бүкіл республикамызға жақсы таныс.

Сондықтан да ардақты ұстаздың өз мектебі, өз коллективі туралы ой-пікірлерін, жүрек жарды сырларын тыңдағанды жөн көрдік.

— Қазіргі уақытта барлық жердегідей, біздің В. И. Ленин атындағы Боран орта мектебінде де КПСС XXVI съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асыруда жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Еліміз коммунистерінің үлкен форумының биік мінбесінен Леонид Ильич Брежнев жолдас халық ағарту саласының қызметкерлеріне зор міндеттер жүктегені белгілі. Біз ол міндеттерді өзіміздің алдағы іс-программамыз ретінде қуана қарсы алдық. Мекте-

бімізде мыңға жуық бала оқып, тәрбиеленеді. Партиямыздың халық ағарту ісі саласындағы нұсқауларын жүзеге асыра отырып, мектеп партия ұйымы мен педагогикалық коллектив жас ұрпақты оқыту мен коммунистік рухта тәрбиелеуде едәуір жетістіктерге қол жеткізді. Дирекция, коммунистер мен барлық мұғалімдер оқу-тәрбие жұмысын творчествольықпен жүргізуде, жастарға кәсіптік бағдар беру, оларды еңбекке тәрбиелеу үнемі назарда.

Міне, он жылдан бері мектебімізде оқушылардың бір класта екінші жылға қалып қоюы мүлде жойылды, жалпыға бірдей міндетті орта білім беру ісі толық жүзеге асырылды. Мектептің сегізінші класты бітіргендерінің 99 проценті орта білім беретін әр түрлі оқу орындарында оқиды, оныншы класты бітіргендердің 70 проценті совхоздың комсомол-жастар бригадаларында еңбек етеді. Олардың арасында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, «Қарлығаштар» атты комсомол-қыздар бригадасының бригадирі Зәуреш Демеебаеваны, техника ғылымының докторы Сергей Леонтьевич Кайгородовты, медицина ғылымының кандидаты Мара Дуанованы, «Карой» совхозының директоры Көкенай Дидашовты, «Боран» совхозының бас инженері Құмарбек Арнатосовты орынды мақтан етеміз. Жалпы, совхозда жұмыс істеп жүрген барлық механизаторлар, орта буындағы мамандар мен шопандардың дені біздің мектептің түлектері. Жыл сайын мектепті бітірушілердің бірқатары Москва, Ленинград, Алматы және басқа қалалардағы жоғары оқу орындарына аттанып көбі сынақ емтихандарын ойдағыдай тапсырып, студент атанып жүр.

Оқу-тәрбие процестері мен ішкі мектептік бақылауды жетілдірудегі табыстарымыз үшін мектебіміз СССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысып, қола медальмен наградталды. Мектебіміз педагогикалық озат тәжірибені қорытып, тарататын тіректі пункт болып табылады. Оның негізінде бірнеше рет облыс халық ағарту қызметкерлерінің семинарлары өткізілді. Облыстық халық ағарту бөлімі мен мұғалімдердің білімдерін жетілдіру институты біздің мектептің негізінде мектеп директорларының облыстық семинарын ұйымдастырды.

Әрине, мұндай жетістіктердің сыры неде деген заңды сұрақ туады. Алдымен, партия, совет органдарының қалтқысыз көмегі, пар-

тия ұйымының, коммунистердің тұтас коллективтің табанды еңбегі арқасында бізде қазіргі заманғы оқу-материалдық база, оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруге барлық қолайлы жағдай жасалды. Кабинеттер көрнекі және техникалық құралдармен, станоктармен, қажетті құрал-саймандармен толық жарақталған. Оқушыларды еңбекке баулу үшін оқу шеберханалары, слесарьлық-токарьлық және ағаш шеберлік кабинеттер, электротехника, трактор, ауыл шаруашылық машиналары, автокластар құрылып, жұмыс істейді. Олардың бәрі техникалық оқу құралдарын басқарудың автоматтық жүйесімен жабдықталған.

Оқу-тәрбие процесін диатекамен, фильмотекамен және дыбыс жазу студиясымен ұштастырып жүргізетін техникалық орталық, программалық оқытудың кабинеттері, трактор, ауыл шаруашылық машиналары, электротехникалық тренажерлер бар. Сондай-ақ тұйық телевизиялық жүйені монтаждау жүргізілуде. Мұғалімдер өз жұмыстарында осындай мол оқу-материалдық құралдарды тиімді пайдаланады, оларды жаңартып, жетілдіріп отырады.

Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруде мұғалімдерге аса маңызды жауапкершілік жүгі жүктеліп отыр. Осы міндетті жүзеге асыруда мектептегі құрамында 75 адам бар ынтымақты творчестволық педагогтар коллективі еңбек етеді. Олардың көбінің педагогтық жоғары білімдері бар. Педагогтық еңбектің шын мәніндегі шеберлері, жас ұрпақтың тәлімгер тәрбиешілері атанған өнегелі ұстаздарымыз да жеткілікті. Мәселен, орыс тілі пәнінің мұғалімдері А. Демеубаева, Б. Садықова, М. Дүйсекенова, физик Т. Нұрғалиев, математик Н. Шапалова, шетел тілінің мұғалімі Е. Алешина және басқалары бетке ұстар беделді, тәжірибелі, көп құрметіне бөленген ұстаздар. Мұғалімдердің көбі жоғары оқу орындарын бітіріп өз ұясына қайтып оралған осы мектептің түлектері.

Мектеп партия ұйымы мен дирекциясы мұғалімдердің идеялық шынығуын, теориялық және методикалық өзірліктерін арттыруға тұрақты қамқорлық жасайды. Олардың бәрі саяси, педагогикалық-теориялық семинарда оқиды. Семинардың әрбір сабағы идеялық-теориялық жоғары дәрежеде, тыңдаушылардың белсенді қатысуымен өтеді, баяндамаларды творчестволықпен талқылау, рефераттарды қорғау жүзеге асырылып жүр. Мектеп мұғалімдерінің басым

көпшілігі «Білім» қоғамының мүшесі бола отырып, оқушылар мен село тұрғындарының арасында марксизм-ленинизм теориясын, ғылыми-педагогтық білімдерді насихаттауға белсенді қатысады.

Коллективте методикалық жұмыс үнемі жақсартылуда. Бұл орайда методикалық орталық өзінің негізгі назарын оқыту мен тәрбие жұмыстарының әдіс-тәсілдерін жетілдіре беруге, жаңаны творчестволықпен іздестіруде, қорытуға және қолдануға аударады. Пәндік методикалық бірлестіктер оқушылардың таным-түсінігін жандандыру, коммунистік тәрбие проблемалары бойынша теориялық конференциялар өткізеді. Олардың мәжілістерінде оқыту мен тәрбиелеу ісін комплексті жүргізу, оқушылардың КПСС XXVI съезінің материалдарын оқып үйренуі, олардың дүниеге таным көзқарасы мен идеялық сенімділігін қалыптастыру мәселелері жан-жақты талқыланады. Педагогтық коллектив Москва мұғалімдерінің «Әрбір мектеп оқушысын коммунистше оқып, өмір сүруге және еңбек етуге үйретейік», «Әрбір мұғалімге — жоғары саяси білім» деген бастамасын қызу қолдайды.

Мектеп дирекциясы мен партия ұйымы оқу-тәрбие жұмысының негізгі түрі, оның тиімділігі мен тәрбиелік маңыздылығын арттырудың басты құралы ретінде сабақ беруді жетілдіре беру жөнінде мақсатты жұмыс жүргізуде. Әрбір мұғалім проблемалық оқыту, дифференциалды қарау, оқуды өмірмен байланыстыруды тереңдету, көрнекі және техникалық оқу құралдарын тиімді қолдану мәселелеріне ерекше көңіл бөледі.

Партия ұйымы мен дирекцияның идеялық-теориялық дәрежені, методикалық шеберлікті, педагогтық еңбектің нәтижелеріне жауапкершілік сезімін арттыру жөнінде мұғалім кадрларымен жүргізіп отырған нысаналы жұмысы бүкіл оқу-тәрбие ісінің сапасы мен тиімділігін арттыруда тамаша табысын беріп келеді. Барлық пәндік және бастауыш класс мұғалімдері оқушылардың толық үлгерімі мен жоғары адамгершілік тәрбиесін қамтамасыз етуде. Мектепте тәртіп, заң бұзушылық атымен жоқ, жаппай орта білім алу толық орындалуда.

Мектепте оқушыларды В. И. Лениннің өмірі мен қызметі үлгісінде, революциялық, жауынгерлік және еңбек дәстүрлері негізінде тәрбиелеудің тиімді жүйесі қалыптасқан. Владимир Ильич Лениннің

өмірі мен қызметі, оның теориялық мұралары мақсатты түрде бүгінгі өркенді талап-тілектерге орай терең оқып-үйретілуде. Бұл істе педагогтар коллективі мектеп ленинианасының бай материалдарын пайдаланады. Лениндік оқулар, есептер, теориялық семинарлар ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. КПСС XXVI съезінің материалдары бойынша оқушылар конференциялары өткізілді.

Мектеп коллективі алдағы үлкен мереке СССР-дің 60 жылдығын лайықты табыстармен қарсы ала отырып, КПСС XXVI съезінің шешімдерін жүзеге асыруға, оқу-тәрбие жұмыстарын комплексті жүргізе беруге барлық күш, мүмкіншіліктерін аянбай жұмсай бермек.

Ал, осындайда көкейге оралатын ұлы Абай айтқан:

...Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға.

Неткен көрегендікпен айтылған! Бала бойына ізгілік пен жақсылықтың, адамгершілік пен білім дәнін себуші ұстаз еңбегі әрдайым ардақты, әрдайым қастерлі. Сондықтан қай-қайсымыз да шәкірт жанының бағбаны саналар мұғалім атын биік ұстауымыз керек. Жас жеткіншектерге Ильич өсиеттерін мүлтіксіз орындауды оқып-үйрету баршамыздың абзал борышымыз.

Иә, бұдан артық абырой да, құрмет те болмас, сірә!

ҮЛКЕН ЖОЛ ҮСТІНДЕ

Білім мұхитында жүзген мектеп — кеме өмірі қашанда қызықты істерге толы. Алуан-алуан соны жаңалықтардың ұйымдастырушысы, ұйтқысы ұстаздар болса олардың болашаққа шақырған тың бастамаларын оқушылардың өздері жүзеге асырып жатуы—тамаша дәстүр. Осындай бастаманың бірі бұдан жеті жыл бұрын Алматыдағы № 53 орта мектепте дүниеге келді. Ол—«Глобус» аталатын туристік клуб. Оның мүшелері оқушылардың өздері.

Туған өлке тарихымен алғашқы таныстық әдетте, қалалардың көрікті жерлерін, салынып жатқан жаңа алып құрылыс алаңдарын аралап көруден, оның таңдай қақтырар тамаша табиғатын ғажайыптаудан басталса керек. Ал саяхаттан оралған сәттегі әсеріңді бір мезет ұзақты күнге «шыртылдатқан» фотопленкалардан іздейсің. Негативтегі нобайлардың көңілдегідей шыққанына қуанатының да сөзсіз. Жорық жолдары, қиыр саяхаттар тек ілгері шақыра бермек. Бір сәт жақұт жағалаулы Балтық пен ақжал толқынды Беринг, күнгейдегі Кушқадан сонау теріскейдегі Мұзды мұхит аралдарының аралығында жарты өлемге көсіліп жатқан Ұлы Отанымыздың картасына үңілейікші, осы. Ұлан-ғайыр байсын өлкенің гүлдей жайнаған жарқын келбетін көргендей боласың. Еліміздің ғаламат күшқуатын айғақтайтын совет адамдарының құрыш қолымен қанат жайған ақшаңқан қалалар мен ауылдардың, асқақтай бой таластырған алып құрылыс алаңдарының рет-ретімен тізбектеліп өтері сөзсіз.

Байтақ өлкедегі өркенді өзгерістер қисапсыз. Өзіндік тарихымен дараланар шежіреге тұнған түрлі мекендер де өте көп. Көркіне көз тоймайтын әсем де сұлу табиғат саяларын Отанымыздың кез келген түкпірінен ұшыратуың таңсық емес. Бәрі-бәрі бар...

Міне, мұның бәрі күн көсем Ильич өсиеттерінің біздің өмірімізде айырықша жасампаз құбылысқа айналып отырғанын бейнелесе керек. Туған өлке өзгерістерін көзбен көріп, көңілге зерделеу, тамаша жетістіктеріміздің шежіресін толтыру, мәңгі ерлік туған қастерлі орындарды құрмет тұту, сондай-ақ табиғатты аялау — жас жеткіншектердің абыройлы әрі төл міндеті. Кішкентай туристердің басын біріктіріп, ортақ мақсатқа жұмылдырған «Глобус»

клубының аз уақытта тындырған жұмыстары ауыз толтырып айтарлық. Сондықтан да клуб жетекшісі Валерий Плащинскийдің өзін тыңдаған жөн-ау.

— Әрине, үлкенді-кішілі соны іс оп-оңай пайда болмайтыны белгілі,— деп ол өткен күндерден сыр өрбітті.— Бүгінгі таңда жас техниктер, жас натуралистер, интернационалдық достық клубтары әр мектепте құрылған. Олардың жақсы тәжірибе жинақтап, өнегелі де, өзекті жұмыстар жүргізіп отырғанын білеміз. Ал республикамыздағы тұңғыш туристік клубты ашу көп ойландырды. Мектеп жанындағы өзге үйірме-клубтарға қарағанда бөлекше ерекшеленетін бұл клубтың болашақта жүйелі жұмыс жүргізілуі көкейге түрлі сауалдар тірегені анық. «Тәуекел түбі—жел қайық» демекші, жауапты шаруаны батыл қолға алдым. Бірнеше жылдан бері туризммен айналысуым, әрі география пәнінен сабақ беруім көп көмегін тигізді. Алдын ала оқушылардан жеке-жеке сыр тартып көрдім. Байқаймын — туризмге құштар балалар көп-ақ. Олар тіпті болашақ клубтың атын қоюға асықты. Сонымен кешікпей жас өлке танушылардың саяхат клубы — «Глобус» өмірге келді. Бұл — 1974 жыл еді.

Мектептің педагогикалық коллективі жас туристердің талабын қуана қарсы алды. Оның жұмысына дұрыс бағыт-бағдар беріп, іс-жоспарының кең көлемді қамтылуына Фрунзе аудандық оқу бөлімі де ерекше назар аударды. Саяхат клубының жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы зор екенін алты-жеті жылғы тәжірибе де көрсетіп отыр.

Клуб жұмысының негізгі нысаналы ауқымды бөлігі — Ленин өмірі мен күресін оқып-үйрену, Ленин болған орындарға жиі-жиі саяхаттар ұйымдастырып тұру. Қуаныштысы да осы. Әрбір саяхатқа шығар алдында клуб мүшелері сол сапар және оның объектілері жөнінде жан-жақты ізденіп, өздерін сақадай-сай дайындайды. «Глобустың» жас өрендері Кавказ бен сонау Қиыр Шығысқа, Волгоградқа, Иваново қаласына, Суздаль жеріне барып қайтты. Бұл сапар-саяхаттардың әсерлері әрқашанда қызықты әңгіме арқауы ретінде еске түседі-ау.

Оқу озаты, клубтың белсенді мүшесі Соня Азизованың да айтары

көп. Өйткені ол «Глобус» маршруттарымен бірнеше жерлерде болды.

— Иә, біздің клуб ұлы көсем болған тарихи орындарға мазмұнды да мәнді саяхаттар циклін ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. Жас туристер тобы Володя Ульяновтың туып өскен қаласы — Ульяновскіде, студент Володяның күресті жылдарына куә — Қазан қаласына, 1903 жылғы ұлы тарихи оқиға — РСДРП-ның екінші съезі өткен Минск қаласына, революция бесігі — Ленинград қаласына, Шушенскіге, көсемнің революциялық қызметінің соңғы кезеңін қамтитын, Отанымыздың жүрегі — Москва қаласына талай рет сапар шекті. Осы бір саяхат-жорықтардың қай-қайсысы да жадымызда ұмытылмастай жатталып қалды. Әсіресе көгілдір Волга бойындағы Ильичтің туған қаласы — Ульяновскіде болған күндер біздің есімізде мәңгі сақталады. Мұнда кішкентай туристер алып мемориал комплексті, В. И. Лениннің музей үйін тамашалады. Жүрген жерлерінде ескерткіш белгі ретінде суреттерге түсті.

Түрлі тарихи орындар мен әрбір ескерткіштер үнсіз сыр шертендей. Қызыл ізшілердің «Менің елім — СССР» атты Бүкілодақтық экспедициясы бойынша «В. И. Ленин болған орындарда» деген жорығы жеңімпаздарының Ульяновск қаласында өткен слеті — көсем жөніндегі ізгі ой-ұғымдарымызды тереңдетіп, оның алдағы ұрпақтарға нұсқап берген — өнегелі істері мен бастамаларының өміршеңдігін тағы да көрнекті түрде дәлелдеді. Слет соңынан жеңімпаз жас лениншілдер әсем ән шырқап, кернейлетіп, достық алауын лаулатты.

«Әрқашан дайынбыз!» атты пионерлік марштың «Отанымыздың барлық пионері Ленин ісіне адал!» девизи алқызыл галстукты пионерия алдына қыруар қызықты істер белгілеп берді. Марштың мақсаты — оның маршруттарымен жүріп өтіп, Ильичтің өмірі мен күресін оқып үйрену, көсем өсиеттерін терең түсіну, осы өсиеттердің орындалу ісіне белсенді түрде қатысу. Клубтың әр мүшесі бұл талаптарды жақсы ұғынған. «Ленин болған жерлерде» жорығы — көсем ісі мен өсиеттерін терең түсінуге, Ұлы Отанды сүюге үйретеді.

Саяхаттан оралған «Глобустың» жас өрендері мектеп оқушылары арасында, басқа да жерлерде болғанда жол әсерлерін тартымды

да, қызықты әңгіме тиегі етеді. Сондай-ақ жас туристер Қиыр Шығыстағы халқының саны өте аз үдэгэй, соригейлердің тұрмыс-тіршілігімен танысып, Кавказ елдерін аралап, Орта Азия республикаларында болды, Ғасыр күре тамыры атанған БАМ құрылысы аймағына жасаған саяхаттарының жас туристерге қалдырған әсерлері, тағылым-сабақтары көл-көсір. Клуб мүшелері ұзақ жолдан жиған-терген тың деректерді, түрлі экспонаттарды, ескерткіш базарлықтарды мектеп музейіне әкеп тапсырады. Айрықша айтар жай — клубтың маршруттарын, программаларын оқушылардың өздері талғам-талаптарына орай жасайды. «Глобустың» әр кездегі белсенді мүшелері алтын ұяларымен қоштасса да клубтың бүгінгі іс-бағыттарымен, кішкентай ізбасарларының қадамдарымен үзбей танысып тұрады. Сергей Опенко, ағайынды Зоя және Фатима Азизовалар, Володя Таранов секілді астана жоғары оқу орындарының студенттері өздерін «Глобус» клубының түлектері санайды.

Үстіміздегі жыл — тойлар жылы. Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының 250 жылдығы, Советтік Социалистік Республикалар Одағы құрылуының 60 жылдығы салтанатты мерекелерге ұласты. Еліміздің алқызыл галстукты өрендері өздерінің төл мерекелері — В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымының 60 жылдық торқалы тойын дүркіретіп өткізді. Осынау даңқты мерекелерді республика пионериясы да лайықты табыстарымен, жарқын жетістіктерімен қарсы алды. Міне, сол шоғырдың арасында астанадағы № 53 орта мектептің туристік клубы да бар. Аты айғақтап тұрғандай «Глобус» бір орнында қатып қалмайды. Ол кәдімгі глобустар секілді үнемі айналып, лениншіл жас жеткіншектерді ертеңгі нұрлы күндерге бастай береді. Бүгінгі таңдағы оның маршруттары СССР-дің 60 жылдығына арналып отыр.

Иә, мектеп табалдырығынаң басталған баспалдақ-қадамдар үлкен соқпаққа ұласып жатқандай. Алда жорық жолдары, қиыр саяхаттар қол бұлғайды.

ӨНЕРЛІ ӨРГЕ ЖҮЗЕР



ҚИЯЛ САМҒАТЫП, ОЙ ЖҮГІРТКЕН



БИ БИЛЕЙДІ ДӨҢГЕЛЕП



ҚЫЛ ҚАЛАМ ЖӘНЕ БОЯУЛАР ӘЛЕМІ

ҚИЯЛ САМҒАТЫП, ОЙ ЖҮГІРТКЕН

Республикалық жас техниктер станциясы... Алау жүректердің осынау отауына кез келген адам бас сұға бермейді. Маңдайшаға жазылған жазуға көз жүгірткен әркім-ақ «жас техниктер ұясы осы екен ғой» деп жүре береді. Ал оның ішінде ғажайып техника әлемінің болашағына үңілген балғын шеберлер тер төгуде. Электроника мен автоматиканың тылсым құпияларына қаршадайынан ынтыққан олар темір тілін меңгеруге машықтанады. Ғажабы — көк өрім өрендердің зерделі ойы мен ұшқыр қиялының құп қосылып жатуы. Олардың қолдарынан шыққан алуан түрлі модельдерді көргенде ерекше тәнті боласың...

Қашанда есігін ертемен айқара ашар бұл үйде жыл он екі ай бойына мереке десе болады-ау. Оның да өзіндік сыры бар. Мұнда темірден түйін түйген кішкентай конструкторлар күніне бір жаңалық жасап жатады.

Ақ шағаладай киінген, мойындарына алқызыл галстук байлаған жеткіншектер легі сәл сәтке толастар емес. Тұс-тұстан ағылып келіп жатыр. Баршасының бойынан байқайтынымыз да, көретініміз де риясыз таза күлкі. Қарап тұрасың да көз алдыңа бейне бір бақыт мұхитында алаңсыз жүзіп жүрген ақ шағалаларды елестетесің. Өзінің 60 жылдық тарихы бар пионерлер өміріне соншалықты қызығасың. Тек қызығып қана қоймайсың — қуанарың анық. Өйткені, олар Ильич өсиетін алға апарушылар. Көсем ісін ұрпақтан ұрпаққа жалғастырушылар.

Осы әсерде гүл жайнаған балалармен бірге «техника әлемінің» табалдырығын аттадық. Қасымдағы — сонау жылдардағы парталасым Тілеу Шаймұқанов. Педагогикалық институтты бітірген ол бүгінде ауыл мектебінде директор. Талдықорған облысындағы Ал-

ғазы балық заводындағы орта мектепте ұстаздық етеді. Экскурсияның аз уақыты ішінде жас техниктер станциясының жұмысымен атүсті шала танысқанын айтып, мүмкіндік болса бірге баруымды өтінген еді ол.

«Ғаламат бір әлем. Жас шәкірттердің істері кімді болсын бейжай қалдырмас, сірә!..» Телефон шалған Тілеудің сөздері құлақ түбінде ұзақ жаңғырып тұрғандай. Сөйтіп бұрын да сан мәрте болған жас техниктер мекенін аралап жүрміз. «Үздік оқуымыз бен ізденісіміз—СССР-дің алпыс жылдық мерекесіне!» деген кіре берістегі айшықты жазу сонадайдан мен мұңдалаған.

— Иә, әр мерекеге дайындар оқушылардың өз тартулары бар,— деп жылы шыраймен қарсы алған орта жастағы елгезек адам ұстазға тән мінез байқатты. Ол өзін де таныстыруды ұмытқан жоқ. Ракеталық-космостық модельдер үйірмесінің жетекшісі Петр Михайлович Трескунов балалардың қолынан шыққан туындыларды рет-ретімен көрсетіп қойып, әңгімесін сабақтаған.

— Астанамызда 1959 жылы ашылып, жұмыс істей бастаған республикалық жас техниктер станциясы бүгінде балалар арасындағы мектептен тыс жұмыстың методикалық орталығына айналып отыр. Міне, мұны бірер ғана деректермен айғақтаса болады. Қаладағы көптеген мектептердің мыңға жуық оқушысы мүше 42 үйірме нысаналы жұмыстар жүргізуде. Қабілетті де дарынды жеткіншектер теориялық білімдерін практика жүзінде ұштауда. Зеректік пен тапқырлыққа, ептілік пен шеберлікке үйретер бұл үйірмелердің берері өте көп. Тәжірибелі ұстаздардан дәріс алған кішкентайлар машығу мектебінен өткеннен кейін және бір белеске бет алады. Ол — түрлі модельдер мен машиналар жасау. Қазіргі техникалық прогресс заманының жас түлектері ертеңгі, келешек келбетін қиялмен айтып қоймай, өздері жасаған туындылары арқылы көрсетіп, бейнелейді. Жалпы алғанда жас техниктер станциясының мақсаты — кішкентайлардың ой-өрісін кеңейтіп, ақыл-ойларын байытып, қабілет-дарынын ұштау. Адамның ұшқыр қиялының жемісі саналатын техника әлеміндегі ірілі-ұсақты машиналардың құпия сырына ерте бастан көз қанықтыру. Әрине, ширек ғасырға жуық уақыт жұмыс істеп келе жатқан біздің станцияның да өшпес өз ізі бар.

...Әр түрлі лаборатория кабинеттері. Әдеттегі класс бөлмесінен

гөрі ғылыми мекемелерді елестетеді-ау. Толып жатқан приборлар мен станоктар, қабырғаларға ілінген түрлі-түсті кестелер мен шым-шытырық чертеждар... физикалық, химиялық фигуралар... сан алуан картиналар мен таблицалар... Жарық та кең бөлмелердің қай-қайсысы да кірсе шыққысыз. «Электронды автоматика лабораториясы» деген жазуы бар есікті ашқанымызда телеэкран орнатылған арнаулы қондырғы жанына жиналған бір топ баланы көрдік. Қырылдаған экрандағы бейнелерге назар аударған кішкентайлар көңілін бөлгіміз келмеді. Жылт-жылт сөніп-жанған электр приборлары, электр дәнекерлегіштерінің нәзік сәулелері. Бәрі-бәрі балалар байқауында... Міне, бұл бөлмеде оқушылар электрлі автоматты модельдер жасаумен айналысады екен. Ал, кезекті есік—кеме және авиа-модельдер лабораториясы. Күміс қанатты әуе лайнерлерінің, көк толқынды белінен тұраған корабльдердің мүзейі іспеттес.. Кішкентай конструкторлар бірінің жасап жатқан дүниесіне екіншісі үңіліп, қайсыбірлері станок тісіне бекіткен самолеттің қаңылтыр қанатына бедерлеп жұлдызша бейнесін түсіруде. Сүйріктей епті саусақтар қимылына қарай беруден жалықпайсың. Балғаның тық-тығы, автоматты станоктың майда ызылы құлаққа сондай жағымды естіледі.

Құштар көңілдер тоғысына ерекше риза боласың. Қол ұстасқан өрендердің еңбекқорлығы мерейіңді өсіреді. Схемалар, алғашқы эскиздер... Енді міне, кіп-кішкентай корабльдердің, ракеталардың нақ өздері. Мәре-сәре болған балалар тұңғыш туындыларын жетекші-ұстаздарына көрсеткенше асығады. Мұғалімдері де көңілді. Шәкірттерінің тырнақалдысы оларды да қуантқан.

Осындай сәтті автоматика-телемеханика шеберханасынан, радиотехника, сондай-ақ, кино-фото әуесқойларының лабораториясынан да көріп, қуандық.

Жас техниктер үйірмелерінің мүшелері жасаған әр түрлі модельдер мен конструкциялардың коллекциясын тамашалау — бір ғанибет. Олар қатысқан конкурстар мен байқаулар, көрмелер дипломдары шежірелі парақтай шетінен сөйлеп қоя береді-ау. Барлығы бір жерге жинақталған. Зәулім коридордың тұтас қабырғасынан өз орындарын тапқан. Дипломдар мен грамоталардың текстерін түгел оқып шығуға да біраз уақыт қажет. «Бұл диплом Қазақ ССР-і республикалық жас техниктер станциясының балғын шеберлеріне

СССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қойылған жаңа модельдері үшін берілді...» секілді лебіз-тілектерді жиі оқисың.

— Бәрінен бұрын балалардың өздері жасаған дүниелерін көрелік,— дейді ауыл мұғалімі ерекше ынтызарлықпен. Ол модельдерді жіті қадағалап, әр жеріне, үңіліп қояды. Мен оның жүзіне ұрланып көз қиығын тастаймын. Астаналық шәкірттердің үлгілі істерін өз оқушыларына айтып жеткізгенше асығатын секілді. «Тамаша, нағыз хас шебердің қолынан шыққандай емес пе?» Басымды үнсіз изеген бойы ілгері жылжимын, Қатар-қатар тізілген модельдер көрме залдарын елестетеді.

«Барлау, шеңбері» аталатын аппарат, ұшатын авиомодель, фото-электрондық тир, радио арқылы басқарылатын шап-шағын автомобиль, адымдап жүретін машина, «тілалғыш» робот, балалар түсірген киноленталар, теплоходтар мен сүңгуір кемелерінің алуан-алуан модельдері. Көп-ақ. Шеберлікпен, білгірлікпен жасалған бірегей туындылар. Әп-әдемі қиюластырылып, көркем етіп жымдастырылған қай-қайсысы да үздік қиялдың жемісіндей.

Астанадағы № 9 орта мектептің оқушысы Қанат Медеуиев пен № 18 мектептің оқушысы Олег Смычков жасаған «Союз-Салют» космостық комплексінің моделі көп көңілінен шықты. Шебер қолмен жасалған бұл модель ғарышқа самғап жатқан корабльдердің тура өзі. Күмістей жалт-жұлт еткен комплекс моделінде иненің жасуындай ауытқу жоқ. Кішкентай корабльдің иллюминаторына ішінде орналастырылған басқару пультін, автомат-қондырғылар мен түрлі приборларды көру қиын емес. Үйірме жетекшілерінің де назарын аударған Қанат пен Олег Отанымыздың астанасы Москваға барды. Олар осында ашылған социализм елдері балаларының ғылыми-техникалық творчествосына арналған халықаралық кермеде өз туындыларын көрсетіп, жүлдемен оралды.

Жас техниктер станциясына келген адамдардың көзіне оттай басылар экспонат-модель — көсеміміз В. И. Лениннің телефоны. Оны сегізінші класс оқушысы Юлиан Рей жасапты. Сүп-сүйкімді, қарапайым телефонды әркім-ақ сипап көрер еді. Ал оның трубкасын көтеріп, құлағына тосқан адам телефонның және бір құпиясын біледі. Иә... трубканы көтерген бойда ұлы көсемнің таныс дауысын естисің, «Совет өкіметі дегеніміз...» деген белгілі сөзі құлақ түбін-

де жаңғырады. Жас ұрпаққа өз өсиеттерін айтып жатқандай. Ал алау жүректер көсем өсиеттерін бұлжытпай орындауда. Оған алқызыл галстуктылар қолынан шыққан осынау туындылар куә болса керек. Жас өрендердің үлкен істері айрықша тебіреніске түсіреді.

А. Швецовтың труба жалғағыш әмбебап машинасы Москва көрмесінде жүлде алып, Миландағы халықаралық көрмеге қатысты. Сондай-ақ Андрей Новоселовтың «Молния» байланыс спутнигі, Сергей Толстов жасаған «Орион» ғарыш кемесінің модельдері ғажайып әлемге сапар шектіреді. Арнаулы тетіктерін электр нүктесіне қоссаң болғаны кіп-кішкентай көк сұңқарларының қанаттарының ұштарындағы қызылды-жасылды шырақтар бір өшіп, бір жанып жұлдызды аспан төріне із тастап зуылдайды-ай.

• Мінеки, бала қиял алыстағы планеталарға осылайша «қол созады».

Жас техниктердің қолтаңбалары әлгінде үйірме жетекшісі Петр Михайловичтің мақтаныш сезімімен айтқан «өз ізіміз бар» дегенін айғақтап, сырлы сөзінің мәнін аша түседі. Тәжірибелі ұстаздың станция есігін тұңғыш аттаған кішкентайлар жүрегіне сыр етіп жеткізген кеңестері де жадымызда қалыпты.

— Болашақ техника тілін меңгеретін, ғарыш корабльдерінің бәрін жасайтын бүгінгі жас ұрпақ өкілдері, сендерсіңдер. Бірақ, күрделі конструкцияларды айтпағанның өзінде қарапайым ракета моделін жасау өте қиын. Ол үшін көп талапты бойыңа сіңіре білу керек. Ең алдымен терең білім қажет. Кітаптан оқығаныңды көңіл зердесінен өткізіп, екшей білу — басты мақсат. Еңбекқолық қашанда өрге жетелейді. Жас техниктер үйірмесінің кез келген түрі қиялыңның мейлінше бай болуын қалайтыны белгілі. Сондықтан мектеп пәндері көлемінде озат оқу аздық ететінін біліңдер. Күнделікті газет-журналдарды, арнаулы кітаптарды көп оқу керек. Ғылым мен техника әлеміндегі жаңалықтарға құштарлықпен құлақ түріп, шартараптан хабардар болған жөн. Өздерің ертеңгі күні модель жасайтын, темір кесетін, темір тесетін және оны жалтыратып тазартатын түрлі құрал-жабдықтарды, токарлық және фрезерлік станоктарды қалай пайдаланып, меңгеруді үйрену керек. Бұл да аз. Неге? Себебі, конструкцияға пайдаланбақшы металдың түрін жетік айырып, оның әрқайсысына тән химиялық, физикалық қасиеттерін білмесең ойың жүзеге аспайды. Мәселен, жез бен мыстың,

мырыш пен қорғасынның, болат пен алюминийдің өз қасиеттері бар
ғой. Бір-біріне ұқсамайтыны және аян. Математикалық, геометрия-
лық дәлдікті меңгеру... бүкіл ғылымның тоғысуын талап ететін үлкен
өнер жолында солқылдақтық, немқұрайдылық мүлдем болмауы
тиіс. Әрине, қиын сын, биік асу қашан да бағынады. Тек өмірге
деген ынтық құштарлық, нық сенімділікті осы бастан бойларыңа
ұялата біліңдер.

Ұстаздың сөзін қасымдағы мұғалім де қоштап қойды. Қанша уа-
қыт өткенін білмейміз сыртқа шыққанымызда күн тас-төбеге
көтеріліпті. Ертеңгілік салқын самал лебі сезілмейді. Ауа тымыр-
сық. Сөйтсе дағы біздің көңіліміз айрықша көтеріңкі еді.

БИ БИЛЕЙДІ ДӨҢГЕЛЕП

«Айгөлек» ансамблі...

Осы бір хореографиялық ансамбль атын бүгінде республикамыз ғана емес бүкіл еліміз жақсы біледі. Ал кіл балауса бишілерден құралған «Айгөлектің» өнер жолы тым әріден басталатынын екінің бірі білмейтіні анық. Ауыл сахнасынан бастап Кремльдің Съездер Сарайында әлденеше мәрте өз өнерлерін көрсеткен Шымкент қаласының Ғ. Мұратбаев атындағы облыстық пионерлер Сарайының жанындағы «Айгөлек» хореографиялық ансамбілінің құрылғанына биыл отыз жеті жыл.

Ондаған жылдар басын біріктірген зымыран уақыттың өз бедерізі бар. Үңілген сайын сол жылдар жаңғырығының шежірелі парақтай сөйлеп қоя беретіні және белгілі. Артта қалған бел-белестердің қайсысы болсын Анна Львовна Цандекованың есінде. Өйткені ол талшыбықтай жайқалып құлпырған «Айгөлектің» алғашқы күннен бергі мәпелеуші ұстазы ғой. Бала жанының бағбаны музыка әуеніне ілесіп мың бұралған шәкірттеріне көз қиығын бір тастап қойды да әңгімесін шертті.

— Мектеп өмірінің төл терминіне айналған «Үйірменің үйретері көп» деген орамды мен де ең бірінші ауызға аламын. Бұл күнде кемеліне келіп, өзіндік қолтаңбасы сараланған білікті коллектив сапында айтылып жүрген «Айгөлек» сонау 1945 жылдың жазында шағын ғана үйірме болып құрылды. Алғашқыда балғын бишілерді үйірмесізге тарту оңайға түскен жоқ. Қаладағы пионерлер паркінде би үйірмесінің ашылатынын, оған талап-тілек білдіруші кез келген жеткіншіктің мүше бола алатынын айтып құлақтандыру ілген күнді неге ұмытайын. Бірақ... күн ұзаққа күтсем де, қарақат көздері жәудіреген екі бүлдіршін қыздан басқа жан баласы келмеді. Көңілге ұялаған күдікті серпіп тастаған қос талапкердің аты-жөнін мезетінде қойын дәптеріме жазып алдым. Болашақ ансамбльдің алғашқы қарлығаштары Роза Хайруллина мен Ләйлә Бекетова. Мен ол екеуінің есімін коллективіміздің әр кезеңіндегі жас толқынына үнемі үлгі етіп айтып отырамын. Сонымен не керек, көптеген үйірлердің есігін ашып, балалармен жүздесіп, олардың ата-аналарымен әңгімелесуге тура келді. Жаңалыққа жаны құштар балғындар бірі-

нен соң бірі соңымнан ерді. Қуанышым шексіз. Сөйтіп, би үйірмесінің тұңғыш жаттығу сабағын парк саясындағы түкті кілемдей жайнаған жасыл шалғында бастадық. Жиырма шақты балдырғанның саусақтарын майыстырып, білектерін бұралтып би әліппесін ашқан сол бір күнді күні бүгінге дейін ұмытпаймын. «Өнерлі өрге жүзер» дегенді халық бекер айтқан емес. Әрине, әуелде біз үшін бәрі қиын, бәрі тосын көрінді. Музыкалық аспаптар санаулы, әрі олар өте жұтаң еді. Репертуарымыз жоққа тән. Киімдерді де жаңадан дайындау керек болды. Бұл секілді қиыншылықтарды өнерпаз өрендердің қадамдары аз уақыттың ішінде ұмытқызып жіберді. Үлкен өнердегі ізіміз өміршеңдігімен мерей өсіріп, көңіл тасытты.

Иә, ансамбль жетекшісі көп жайдан сыр суыртпақтады. Биязы мінезді Анна Львовна әр сауалымызға байыппен жауап берген. «Айгөлектің» әр жылдардағы түлектері туралы, соңғы уақыттағы программадағы өзгерістер жайында, балғын бишілердің өрелі өнерлері төңірегінде өрбіген әңгімені ансамбльдің жүріп өткен жолына байланыстыра тебіреніспен әңгімелеген.

Кішкентайлардың тұңғыш үйренген «Краковяк» биі біріне-бірі ұласты. Еліміздегі ең алғашқы хореографиялық балалар коллективі саналатын «Айгөлек» ансамблінің бүгінгі программасы өте бай. Ансамбль репертуарының негізі қазақтың ұлттық билері мен әуезді ырғақтары болып табылады. Қазір 250-дей бидің сахналық жүйесі жасалынған. Олардың дені совет адамдарының жасампаз еңбегімен шаттыққа толы тамаша өмірін бейнелейтін бояулы билер, сан түрлі хореографиялық спектакльдер. Сонымен бірге, балғын бишілердің орындауындағы туысқан республикалар мен дүние жүзі халықтарының ғажайып сырға тұнған көптеген билері де сәтті туындылар қатарына қосылған.

«Айгөлектің» өнер сапары да сан тарау. Әуелгі кезде қала іргесіндегі бір-біріне тиіп тұрған ауылдарға әрең жететін. Жол азабын тартып жүрседағы жас өнерпаздар әсте қабақ шытып, ренжіген емес. Шалғайдағы ауыл сахнасында өнер көрсетіп жүрген ансамбль әйгілі «Артек» пионер лагеріне арнайы шақырылды.

— Бұл бір қызық та, жауапты сапар болды,— дейді Анна Львовна өткен күндер жаңғырығын еске түсіріп.— Өлемнің төрт бұры-

шынан келген балалардың алдында біздің хореографиялық ансамбльдің кішкентай артистері үлкен сын сабағынан өтті. Бейтаныс көрермендер ортасына жүрегіне шыққан балғын бишілер жиналғандар көңілін бірден баурап алды. Ұлттық бояуға бай, нәзік нақыш-ырғақпен дараланар қазақ билері әркімді-ақ ынтықтырған. Ақ, қара, сары түсті балалар жүрек лүпілдерін дүркін-дүркін қол соғумен білдірген еді. Бір ғажабы біздің бишілер сахнаға атақты американдық әншісі Поль Робсоннан кейін шықты. Коллективтік номерлерден соң ансамбльдің бишісі Лариса Мусина жеке өнер көрсетті. Мың бұралған буынсыз бишінің таланты төрешілер алқасын өзіне ерекше аударды. Жылы лебіздерін білдірді. Өнер сынының қортындысы бойынша белгілі Поль Робсонмен бірге біздің Ларисаға да «Артектің» алтын медалі салтанатты жағдайда тапсырылды.

Тамаша табыс, жақсы жетістік — бұл. Өнерлі коллектив өз репертуарын үздіксіз жетілдіріп, тың программалармен молайтып отыруды дәстүрге айналдырған. Көрермен талғамына сай іріктелген хореографиялық туындылардың қашанда көп жүрегіне жол табары сөзсіз. «Айгөлек» ансамблінің даңқы біртіндеп Москваға да жетті. 1972 жылы В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымының жарты ғасырлық мерекесінде Кремльдің Създер Сарайында өнер көрсетті. Одан кейін де ансамбльдің жас түлектері москвалықтармен әлденеше рет қауышты. Еліміз комсомолиясының үлкен форумы ВЛКСМ-ның XVIII съезінің делегаттарының құрметіне Кремльдің Създер Сарайында концерт берген өнерпаздардың арасынан тағы да «Айгөлектің» балғын бишілерін көріп қуанғаны анық. Оның жарқын дәлелін ансамбльдің жетекшісі А. Л. Цандекова атына келген ВЛКСМ Орталық Комитетінің арнайы құттықтау хатындағы жолдары да айғақтаса керек. Жас жүректерге қуаныш сезімін үйірген осынау тілектерге үңілейікші:

«Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағының XVIII съезіне дайындық барысына қосқан үлесіңіз үшін ВЛКСМ Орталық Комитеті шын жүректен алғыс айтады.

Сіздің іс-мүддесі үшін белсене араласуыңыз XVIII съезд кезінде жемісті творчестволық жағдай жасауға, оны ойдағыдай өткізуге зор көмек туғызды. Сізге тамаша денсаудық тілей отырып, жастар-

ға коммунистік тәрбие беру жолындағы абзал қызметіңізде жаңа табыстар биігінен көріне беруіңізді тілейміз».

Мұндай жүрекжарды тілектер, ыстық лебіздер, құттықтау телеграммалар мен алуан сыр түйген хаттар «Айгөлек» хореографиялық ансамблінің адресіне, оның жетекші-ұстазының атына толассыз келіп жатады. Бірін ансамбльдің мүшелері жолдаса, енді бірін ансамбльдің өнерін тамашалап, танысқан әр жердегі кішкентай құрбылары жіберіп жатады. Алғыстарын айтумен бірге, ақыл-кеңес сұрап жататындар да баршылық.

Бәрі заңды құбылыс. Отыз жеті жыл бойына өнер айдынында жүзген «Айгөлектің» оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде жүргізіп келе жатқан қызметі ұшан-теңіз. Ансамбль құрамында талай буынның өкілдері түлеп ұшқанын айту да мерейлі мақтаныш. Олар бұл күнде ұлан-байтақ Отанымыздың түпкір-түпкірінде жемісті еңбек етіп жүр. Сондай-ақ, өнер жолын өмірлік еңбек жолы ретінде таңдап алған ансамбль «қарлығаштары» да аз емес. «Айгөлектің» бір кездегі балауса бишілері Алаша Ерімбетова, бұл күнде Абай атындағы академиялық опера және балет театрында, ал Дариға Мұсаева республикалық «Гүлдер» эстрадалық ансамблінде еңбек етеді. Олардың өнерін бүкіл республикамыз көрермендері тамашалауда. Рано Досметова өнер зерттеушісі атанса, Ғалия Молдабаева, Рәзия Жұмабековалар — бүгінде өздері жас жеткіншектерді баулып жүрген ұстаздар. Иә, «Айгөлектің» түлектері көп. Олардың ізбасарлары да қыр төсінде жайқалған қызғалдақтай қаулап өсіп келеді. Би әлемін ажарландырған кілең кішкентай өнерпаздар легі біріне-бірі үздіксіз ұласуда.

1973 жылдың октябрінде «Айгөлекке» республикадағы балалар хореографиялық ансамбльдерінің арасында «Халық ансамблі» деген құрметті атақ ең бірінші болып берілді. Бұл — жас коллективтің үздік өнері мен шеберлігіне берілген жоғары баға.

Ал ансамбльдің шаңырағын көтеріп, алғашқы уығын шанышқаннан бері жемісті еңбек етіп, тер төккен Анна Львовна Цандекованың омырауында бүгінде—«Құрмет Белгісі» ордені жарқырайды. Республика оқу ағарту ісінің озаты, ұлағатты ұстаз Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталған. Міне, мұның бәрі мәуелі еңбектің жемісті зейнетін бейнелесе керек.

...Тағы да құлаққа жағымды әдемі әуен естілді. Заңғарадай зал ішінде қалықтап тұрғандай. Жеп-жеңіл ұршықтай үйірілген балғындар талшыбықтай майысып, мың бұралады-ау. Үстеріндегі киімдері де сондай әсем, көз тартарлық. Қол ұстасқан, ән-биі жарасқан туысқан республикалар өкілдерін жазбай аңғарасың. Бидің атын сұрамай-ақ оның «Достық» аталатынын да білесің. «Айгөлектің» СССР-дің 60 жылдығына арналған жаңа программасы да талғампаз көрермендер көңілінен шықты.

Сахна төрінде бәрімізге белгілі — «Айгөлек». Би билейді деңгелеп...

ҚЫЛ ҚАЛАМ ЖӘНЕ БОЯУЛАР ӘЛЕМІ

Жаңа оқу жылының алғашқы күндері болатын. Астанадағы № 12 қазақ орта мектебінің 4,5 және 6 кластарында өткен сурет пәні сабағына мектеп директоры Рафиқа Нұртазинаның өзі қатысты. Ол жалғыз емес-ті. Қасындағы бейтаныс екеуді оқушылар «жаңадан келген жас мұғалімдер болар» деп топшылаған.

— Кәне, балалар бүгінгі сурет сабағында сендер жазғы каникулда көрген-түйгендеріңді бояумен бейнелеп көріңдер. Салған суреттеріңнің сыртына оның қалай аталатынын, аты-жөндеріңді жазуды да ұмытпаңдар.

Сурет пәнінің мұғалімі бұдан басқа ештеңе айтпаған. Ал кішкентайлар болса қызықты каникул әсерлерін сурет тілімен жеткізгенше асыққан еді...

Тақырыптық осындай үш сабақта салынған оқушылар туындыларын тәжірибелі мамандардан құрылған арнаулы комиссия сарапқа салып, қабілетті де икемді балаларды іріктеп алғанда барып оқушылар өздерінің конкурсқа қатысқандарын бір-ақ білді. Өткен жылы жас талапкерлерге есігін айқара ашқан астанадағы бейнелеу өнері мектебінің тұңғыш іріктеу конкурсы қаладағы №№13, 58, 82, 92 орта мектептерде ұйымдастырылып, бұл мектептердің жанынан да жаңа мектептің филиалы жұмыс істей бастады.

Балауса суретшілердің алғашқы қадамдарын көруге асықтық. Бейнелеу өнері мектебінің № 12 қазақ орта мектебіндегі филиалының жұмысымен танысуға келген едік. Кезекті сабақ өтіп жатыр екен. Саз балшықтан илеп алуан түрлі бейнелерді бедерлеген балалар өз істерімен әуре. Бізді жылы шыраймен қарсы алған жас мұғалім Кенже Баянова жыл бойына атқарылған жұмыстармен егжей-тегжейлі таныстырған.

— Үстіміздегі жаңа оқу жылында алғаш рет ашылған бейнелеу өнері мектебі негізінен № 92 орта мектепте орналасқан. Ал қаланың төрт мектебінде оның филиалдары бар. Мұның себебі оқушылардың өздері оқитын мектептерінде бейнелеу өнерімен жан-жақты айналысуына мүмкіндік жасайды. Жаңа мектеп бойынша оқушылардың жалпы саны екі жүз елуге жуық. Біздің мектепте 28 жас талап бейнелеу өнерімен тұрақты айналысуда. Олар төртінші, бе-

«сінші, алтыншы кластың оқушылары. Сабағымыз аптасына үш рет төрт сағаттан өткізіледі. Жеткіншектер әзірше орыс мектептеріне арналған программа негізінде композициядан, живописьтен, скульптурадан білім алуда. Сондай-ақ, алғашқы күннен сабақ кестесіне «Бейнелеу өнерінің тарихы» енгізілген. Сурет өнері әліппесін құштарлықпен парақтаған кішкентайлар ынтасы ерекше.

Қуаныш сезіміне бөленген ұстаз шәкірттері салған алғашқы суреттерді ұсынды.

Түрлі форматтағы туындыларға үңілген сайын ынтызарың ауары сөзсіз. Қолына қыл қалам алып, өзін қоршаған ортада қиял пернесін қозғаған небір көріністерді сол сәтінде қағаз бетіне түсіргенше тағатсызданады-ау. Айтқызбай аңғарасың... тек олар салған суреттерге зер салып көр. Ақ парақ бетіндегі айқұш-ұйқыш сызылған бояу іздерінен бала ойын, оның айналасындағы болып жатар құбылыстарға көзқарасын, өмірге деген іңкәрлігін көресің. Сонымен бірге кішкентайлар қиялының соншалықты кеңдігін де байқар едіңіз. Балалар өз суреттерінде ұлан-байтақ даланы, сүйікті ертегілерінің кейіпкерлерін, үлкендердің өнегелі істерін, табиғат көріністерін өздерінше көріп, өздерінше бейнелеуге ұмтылады.

Бесінші класта оқитын Дархан Тұтыбаевтың «Кішкентай қамқоршылар» аталатын суреті өзіндік ой айтуымен назар аударған. Бояу тілі малды ауыл келбетін жазбай сездіреді. Шопан балалары албарда тұрған ұсақ малға жем тасып, су беріп жүр. Бұл суреттен бүлдіршіндердің еңбекке деген құлшынысын анық көргенімізге қуандық. Рүстем Әбдірәшевтың туындысынан да қыр лебі еседі. Ол—«Біздің аула» деп аталады. Композициялық сәтті шешім әдемі бояу түсіне әсерлі астасқан. Сарғыш реңкпен берілген алтын күз дидарын жапырақсыз жалаңаштанған қос бәйтерек мейлінше аша түскен.

Ал Санжар Шопанов, Ғазиз Мырзалиев, Сәбира Ескендіровалардың қазақ ертегілері мен эпостарының желісінде салынған картиналары нәзік те, ашық бояуларымен дараланады. Түрлі-түсті бояулар шілденің аптап ыстығын, көгілдір көктемнің шуақты күндерін, шағыл құм мен тау-тасты, мың бұралған өзен мен айна көлді қаз-қалпында бейнелеген.

Балалар салған суреттердің тақырып аясы өте кең. Мәселен,

Нұрлан Әбдіғұлов көпқабатты үйлері көк тіреген қала тіршілігін бояу тілімен жеткізуге талпынса, Фараби Елшібеков алып құрылыс тыңысын өзінше көрсетуге ұмтылады. Гүлжан Қаназова, Абай Күдебаев, Гүлназ Оспановалардың суреттері де сәтті шешімдерімен қуанышқа бөлеген. Қылқалам қызықтырған кез келген талапкердің тұңғыш туындыларынан көзімен көріп, күнделікті байқағандарын салып қоймай, ой тұңғығында жасалған бейнелерді де барынша өз бедерімен, өз нақышымен түсіруге ынтық көңілді ап-аңық сезе-сің. Үлкен әсер билеп, әр суретке ұзақ үңіліп бала қиялымен бірге саяхаттар еді кімде-кім.

— Оқушылардың ой-өрісін дамытып, білімін, қоғамдық белсенділігін арттыруда оларға эстетикалық тәрбие берудің маңызы зор. Бұл орайда бейнелеу өнерінің жас ұрапаққа эстетикалық тәрбие берудегі кең көлемді жұмыстарын барынша түрлендіріп, жандандыра түспекпіз,— дейді әңгімесін сабақтаған К. Баянова.— Әрине, оқушылардың эстетикалық танымын үздіксіз өсіру — нысаналы мақсат. Сурет өнерінің сыры мен құпиясы туралы өткізілетін теориялық сабақтардың мазмұнды болуына ерекше назар аударамыз. Сурет салудың техникасын жетік меңгеру үшін жас талап тақырып таңдау мен бояу түсін ажыратудан бастап, жарық пен көлеңкені дұрыс бере білуге машықтануы керек. Сондықтан да тәжірибелік сабақтарымыздың сәтті де сапалы болуын қадағалаймыз. Бұл сабақтарда оқушыларға өздері оқып жүрген пәндерінің негізінде көптеген суреттер салғызуды дәстүрге айналдырдық. Мұның өзі оқушылардың мектеп пәні бойынша алған білімдерін жан-жақты екшеп, санада зерделей түсетініне көп ықпал етеді. Бүкіл класымызбен өнер музейіне, қаладағы көрме залдарына экскурсиялар жасап, әйгілі қылқалам шеберлерінің алуан тақырыптарды қамтыған төл туындыларын тамашалап, танысу жеткіншектерге ерекше көмектеседі. Қала сыртына түрлі жорықтар ұйымдастыру да жоспарлы орындалып келеді. Бір мезгіл балалар мольберттерін жазып, табиғат көріністерін қаз-қалпында ақ қағаз бетіне түсіреді. Балғын суретшілеріміздің ой-өрісімен қиялының ұшқырлана да, ұштала түсуіне үлкен септігін тигізер өрелі істердің көкжиегін болашақта да үздіксіз кеңейте бермекпіз.

Мінеки, астанамызда жаңадан ашылған бейнелеу өнері мектебі

өзінің бір жылғы оқу жылында қол жеткізген тамаша істерімен қуантады. Жас суретшілердің үлкен өнерге деген құштарлығы олардың салған кез келген туындыларынан көрініп тұр. Кішкентайлар салған суреттердің алғашқы көрмесі де мектептер жанында ұйымдастырылып, көрсетілуде.

Жас өрендерді бояулар әлемі алуан-алуан тақырыптарға зер салдыра береді. Қылқалам шертер сыр мол.

ОҚУ. ЕҢБЕК. СПОРТ



ЕҢБЕК ӘЛІППЕСІН МЕКТЕПТЕ АШАДЫ



ЕР ЖҮРЕКТІЛІК ПЕН БАТЫЛДЫҚҚА БАУЛЫҒАН



ЧЕМПИОН СЕГІЗІНШІ КЛАСТА ОҚИДЫ

ЕҢБЕК ӘЛІППЕСІН МЕКТЕПТЕ АШАДЫ

Көсем өсиетін алға апарушы жас ұрпақтың өшпес, уақыт өткен сайын асқақ естілер девизи бар. Ол — «Ильичше оқу оқып, өмір сүріп, еңбек етейік!» Сондықтан да болса керек бүгінгі таңда оқушылардың жазғы каникулы бесінші тоқсан немесе «Еңбек тоқсаны» аталып жүр. Мұның өзі жас жеткіншектерге сапалы білім мен саналы тәрбие берумен бірге, оларды еңбекке баулуға ерекше мән бөлініп отырғанын көрсетеді. Еңбек тәрбиесінің оқушылар өміріне тигізер ықпалы зор.

Кейінгі жылдары бірнеше жақсы бастамалар дүниеге келіп, жемісті істер көш басшысы болуда. Кәсіпорындар мен шаруашылықтардың белсене қатысуымен республикада 138 мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттары құрылды. Жоғары кластардың 187 мың оқушысы 2725 оқушылардың өндірістік бригадаларында және 207 мектеп орманшылығында еңбек мектебінен өтіп жүр. Сөйтіп, олар өздеріне жүктелген іске жоғары жауапкершілікті, өзара жолдастық көмекті, өздігінен әрекет жасауды үйреніп, агротехникалық білімінің негіздерін меңгереді. Озат тәжірибемен және ауыл шаруашылығы техникасымен танысады, социалистік жарысқа қатысу дағдыларын бойларына сіңіреді.

Республиканың оқушылар өндірістік бригадалары, қазақстандық мол астық жолындағы еңбек майданына белсене қатысып, қомақты үлестерін қосып жүр. Бұл — жылма-жылғы жақсы дәстүр. 1981 жылы Москва қаласында өткен пионерлердің Бүкілодақтық VIII слетінде сөреден шыққан «Пионерлердің екпінді еңбек бесжылдығы» қазақстандық қызыл галстукты өрендер арасында да қызу қолдау тапқанын мақтанышпен айтамыз. Торғайлық оқушылардың «Пионерлік фермасы», қызылордалық жас жақаөвшылардың «Пионерлік күріш алқабы» секілді соны серпілістер көңілге тек қуаныш үйіреді.

Оқушыларға кәсіптік бағдар беруде үлкен роль атқарып отырған мектепаралық өндірістік оқу комбинаттары көп жерде ашылууда. Ақ-

тебе қаласында 9-10 кластарға кәсіптік бағдар беретін он екі мектеп-аралық өндірістік оқу комбинатында оқушылар өздері қалаған мамандықтары бойынша еңбек тәжірибесінен өтеді. Мәселен, Октябрьдің 50 жылдығы атындағы өндірістік тоқыма бірлестігі — тігіншілерді, қалалық сауда орындары — сатушыларды, автобазалар — шоферлерді, «Актюбрентген» заводы, «Казхимэлектромонтаж» құрылыс-монтаж басқармасы және «Актюххимпласт» бірлестігі — слесарь — монтажшыларды даярлайды. Өндірістік оқу комбинатының коллективі оқушылардың жұмысшы мамандығын меңгеруі үшін бар күш-жігерлерін жұмсайды. Осы мақсатта кабинеттер, шеберханалар технологиялық және эстетикалық талаптарға сай жабдықталуын қадағалайды. Балалар еңбегін қорғау мен техника хауіпсіздігін сақтауға ерекше назар бөлінеді.

Семей облысының мектептерінде оқушылар дүниеге әкелген бастамалар — «Мал шаруашылығы — жастардың төл ісі», «Қала құрылысына комсомолдық қамқорлық» деп аталады. Өзінің көкжиегін кеңейтіп, өрісін жайған өрісті бастамалардың қайнар көзі — мектеп қабырғасы.

Кең-байтақ республикамыздың мектептерінен жан сүйсінтер тәуір нышандарды мольнан ұшыратамыз. Шығыс Қазақстан облысында өткен жылдың жазында ғана жоғары класс оқушыларынан 282 құрылыс-жөндеу бригадасы құрылып, олардың күшімен мектеп үйлері, оқу кабинеттері, көрнекі құралдар мен мебельдер жөнделді. Мектеп аулалары көркейтіліп, спорт комплекстері салынды. Жоғары класс оқушыларының еңбек бірлестіктерінде, дәрі-дәрмектік өсімдіктер жинау звеноларында, сауыншылар мен шопандар бригадаларында 2583 жас өрендер еңбек көрігін еселей түсті.

Кербез Көкше өңірінің өрендері атқарған істер де көп-ақ. Олардың бастамаларын республикамыз түгіл бүкіл еліміз біледі. Арықбалық ауданындағы Имантау орта мектебінде оқушылардың өндірістік бригадасының ұйымдастырылғанына ширек ғасыр болды. Жастарды еңбекке тәрбиелеп, оларға кәсіптік бағдар берудің ошағына айналған бригада осынау уақыт ішінде ауыл шаруашылығына бір жарым мыңнан астам механизатор даярлаған екен. «Имантау» совхозының жұмысшылары мен өндірістік бригаданың бұрынғы түлектері.

Бригадаға 800 гектардан астам жер бөлініп берілген. Ал оқушылардың еңбек мекені өз алдына жеке «шаңырақты» елестетеді. Сонайдан мен мұндалайтын жақсы жабдықталған дала қосы, асхана, жылжымалы шеберханасы бар. Оқушылар бірнеше дала кемелері — комбайндар мен қыр алыптары — тракторлардың «тізгінін» ұстап, шеберліктерін ұштайды. Ересектермен қатар тұрып еңбек ететін жеткіншектердің әр қадамын кәсіптік мамандық беретін Совет мүшелері жіті бақылап, бағыт-бағдар мезгеп отырады. Совет құрамында совхоз директоры, бас инженер, бас агроном, мектеп директоры мен бірнеше мұғалімдер бар.

Жас ұрпаққа еңбек тәрбиесін берудегі қол жеткен табысы үшін Имантау орта мектебінің өндірістік бригадасы «Тың даңқының» алтын кітабына жазылып, бірнеше рет Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысты. Өндірістік бригада жыл сайын мемлекетке мыңдаған центнер астық, картоп, қызылша, 25 мыңға жуық үйрек тапсырып жүр. Сонымен қатар бригада мүшелерінің қоғамдық мал азығын дайындаудағы бау-бақша дақылдарын өсіріп, мәуелі орман алқаптарын қорғаудағы табыстары да көл-көсір.

Арықбалық орта мектебінің оқу-өндірістік бригадасының да жұмыстары елеулі де үлгілі. Мектеп бригадасына 1978 жылы Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты құрметті атағы берілген. Оның алғашқы түлектері шаруашылықта агроном, инженер, механизатор болып еңбек етуде. Қазір бригаданың звено жетекшісі тоғызыншы класс оқушысы Роза Алдажанова. Ол өткен жылы мектеп оқушылары еңбек бірлестіктерінің республикалық слетіне қатысты. Ал биыл Қазақстан Ленин комсомолының XV съезіне делегат болып қатысқан Роза съездің мәртебелі мінбесінде өз бригадасы туралы әңгімеледі. Бұдан артық қуаныш болмас, сірә!

— Кім қоғамдық жұмысты атқаруға, кім комсомол ұйымының өмірін қызықты етуге тырысса, соның жақсы оқып, өнегелі жан болатындығын біз күнделікті өмірден көріп жүрміз. Бірде-бір комсомолецтің тапсырмасыз қалмауы, меніңше, негізгі міндет болуға тиіс. Бұдан ширек ғасыр бұрын еліміздің оқушылары арасында тамаша бір бастама — оқу өндірістік бригадалары пайда болғаны мәлім. Қазір республикамыздың барлық мектептерінде мұндай бригадалар кептеп саналады. Тек қана біздің облыста 200-ге тарта осындай жас

буынды еңбекке тәрбиелеу коллективтері бар,— деген оқушы-делегат өндірістік бригадалардың мән-жайын айтып, өз коллективінің қол жеткен табыстарын сыр етіп шертіп. Республика комсомолиясының үлкен форумына жиналғандар да оның әр сөзіне ықыластанана назар аударған.

Ретін тауып бригада жетекшісімен кездесіп, әңгімелескен едік.

— Біздің Арықбалық ауданы оқушылардың өндірістік бригадаларын тұңғыш ұйымдастырылған орталық. Сондықтан болса керек, республикамыздың түкпір-түкпірінен арнайы келіп жататын делегациялар біздің мектепке де соғып жатады. Бұл, әрине, мақтаныш. Өндірістік бригадамыздың жинақталған іс-тәжірибесі бар. Ең алдымен бригадаға кімдер қабылданады деген сауалға жауап — бригадаға тек озат оқушылар ғана мүше бола алады. Шаруашылықтың күнделікті қат-қабат жұмыстарына қол ұшын беру бізге де зор пайда. Ең бастысы — оқушылар еңбек көрігінде шыңдалады.

Мектеп комсомолецтері бригаданың аса маңызды учаскелерін басқарады. Қазір егіншілер, малшылар, механизаторлар, құрлысшылар звенолары жұмыс істейді. Кішкентай бағбандар ауылдастарын мектеп бағында жайқалған алуан түрлі жеміс-жидектермен қуантса, жас диқандар егін орағына қатысады. Біз әрдайым өз еңбегімізді мақтан тұтамыз. Бригада жыл бойы 150 сиырды күтімге алуды толық қамтамасыз етеді, бізге 936 гектар жыртылған жер бекітіліп берілген. Орта мектепті бітірісімен туған ауылымызда қаламыз. Өйткені, біз туған жерімізді сүйеміз.

Міне, Роза осылайша әңгіме өрбіткен. Еңбек әліппесін мектеп қырғасында ашқан оның әр сөзі нық. Ертеңге, болашаққа үлкен сеніммен көз тастайды. Өзі туралы там-тұмдап айтқан ол парталастары, жерлестері жайында жүрек түкпірінен шыққан сырын бүкпесіз бөліскен. Көрші Константинов орта мектебінің оқушысы Саша Шпактың өнегелі ісін де мақтанышпен жеткізген еді. Еңбексүйгіш құрбысы өткен жылы өз комбайнымен 11 мың центнер алтын дән бастырыпты. Кішкентай комбайыншы-оқушының омырауында «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалі жарқырайды.

Үлкен еңбек жолының баспалдақтары биіктей берсін, қашанда!

Еңбек әліппесін мектепте ашқан барша оқушыға осыдан артық айтар ізгі тілек жоқ-ау!

ЕР ЖҮРЕКТІЛІК ПЕН БАТЫЛДЫҚҚА БАУЛЫҒАН

Әне, көгілдір көк жүзіне қып-қызыл ракета ізі түсті. Іле-шала және қайталанды. Қызыл жолақ көзге оттай басылған... Бұл — шабуылға шығуға берілген белгі. Оны пионерлік әскери-патриоттық «Өжет» ойынына қатысушы әр оқушы жақсы біледі. Өйткені, ер жүректілік пен батылдықты, ептілік пен төзімділікті талап ететін «Өжет» бүгінде мектеп өміріне етене еніп отыр.

«Өжет» ойыны комсомолецтер мен жастардың әкелер даңқы жолымен, олардың революциялық, әскери және еңбек жолдарымен жүріп өтудегі, оған пионерлер мен мектеп оқушыларын қатыстырудағы аса белсенді формаларының бірі екендігі аян. Даңқты жолдар қашанда тың көкжиектерге бастайды. Оған айғақ жарқын деректерді көптеп келтірер едік әркез. Республикамыздың түкпір-түкпірінде жас армияшылардың жүздеген батальоны, мыңдаған отрядтары бар. «Өжет» ойынына қатысуға әрбір пионер, әрбір отряд құштар. Жылма-жыл бұл жүректілер мен батылдар ойынына он екі мыңнан астам оқушылар үзбей қатысып жүр. Олар мектептердегі, әскери бөлімшелер жанындағы үйірмелер мен сан түрлі секцияларға мүше бола жүріп, байланысшы, барлаушы, радист, атқыш, өрт сөндіруші, санитар және жол қауіпсіздігі инспекторы қызметін оқып үйренуде. Өздері білмейтін небір құпия-сырларды терең меңгеруге ынтығады. Сондай-ақ он мыңдаған жауынгерлер, комсомолец-өндірісшілер, соғыс және еңбек ардагерлері, жоғары класс оқушылары пионерлердің «Өжет» ойынын өткізуге белсенділікпен қатысып келеді. Қызыл галстукты өрендер алдындағы буын өкілдерінен Отанды шын сүюді, оны қорғауға осы бастан дайын жүруді, әскери дәстүрлер мен еңбекке құлшынысты үйренеді. «Өжет» ойынына қатысушылардың әзірлігі сан салалы әрі сан тарау.

Олар мектепте ардагерлермен кездесулер өткізеді, ескерткіштер мен обелискілер жанында, бауырластар зираты түбінде салтанатты сапқа тұрады. Ағалар мен әкелер ерлігі жайында фотостендтер дайындап, әңгімелер өткізеді.

Мәселен, Алматы облысының қызыл ізшілері «Жетісу революциясының жолдарымен» атты экспедиция ұйымдастырып, туған өлке тарихына тереңірек үңілді. Совет өкіметін орнату кезеңінде ерлік

көрсеткен қаһармандардың есімдерін анықтады. Жамбыл қаласының Орталық ауданында өткен «Өжет» әскери-патриоттық ойыны кезінде 1541 жас армияшылар «Ешкім ұмыт болған жоқ, ешнәрсе де ұмытылмақ емес» маршрутымен жүріп өтті. Бұл сапардың карталары жасалды. Талдықорған облысындағы І. Жансүгіров атындағы пионер дружинасы он шақты жылдан бері совет адамдарының ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп келе жатқан ерлік эстафетасын ұдайы зерттеуде. Жас түлектер өздерінің совхозы территориясында болып өткен көпке белгілі «Қызыл ағаш қорғанысына» қатысушылар есімдерін анықтап, олармен байланыс жасады. Оқушылардың өнегелі істері жемісті де, қуанышты болды. Жорық кезінде жинақталған құнды документтер мен фотосуреттер мектеп музейін ашуға жәрдемдесті. Экспонаттар да бірте-бірте толыға түсуде. Олардың қай-қайсысы да «Қызыл ағаш қорғанысының» тарихы мен оған қатысқан адамдардың өмірлерінен шежіре-сыр шертеді.

Бүкілодақтық пионерлік «Өжет» әскери-патриоттық ойынының ережелеріне сай республика мектептері мен Пионерлер сарайы әрдайым оның кезеңдеріне тыңғылықты дайындалады. Өйткені осы ойынды өткізу кезінде пионерлер әскери тәртіпке дағдыланып, ізденгіштік, алғырлық, тез ойлап тапқыштық тәрізді ерлік қасиеттерінің алуан қырларын үйреніп, меңгереді. «Өжет» әскери-спорттық ойыны қызыл галстукты өрендерді моральдық жағынан да, психологиялық жағынан да, олардың қажыр-қайратын да шыңдайды. Қызықты да, қиын осынау ойынды ойдағыдай ұйымдастырып, есте қаларлықтай мазмұнды өткізуде көптеген облыстардың оңды тәжірибелер жинақтағанын айту керек. Әсіресе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Гурьев, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Орал, Шымкент облыстарында болған «Өжет» ойынының тағылымды сабақтары ерекше. Күнiлгерi ойлaстырылғaн жоспaрлы шарaлaр төтенше кедергілерге жол бермегені анық. Міне, мұндай жоғары сипаттағы жақсы істер үнемі кеңінен таратып, үлгі етуге тұрарлық.

Жас ұрпақты кішкентайынан терең білім мен патриотизмге, құстарлыққа баулитын да — «Өжет». Сондықтан да оның даму бағыты бұқаралық ГТО ойындарымен тікелей сабақтас. Бүкілодақтық ГТО комплексі — советтік физкультура жүйесінің негізі. Ерлік пен ептіліктің, сергектіктің пен денсаулық комплексі болып табылатын ГТО

бүгін де өміршеңдігімен мазмұнын жаңартып, түрлендіре түскен. Оған деген құштарлық үздіксіз артуда. Демек, спортпен, дене тәрбиесімен үзбей тұрақты айналысатын денсаулығы мықты, қайраты шымыр жас өспірім ғана батылдар ойындарына қатысып, үздік өнер көрсете алады. Жеңіс тізгіні де тек күштілер қолында болмақ. Бәрінен бұрын әскери-спорттық ойынға қатысу кезінде балалар айналадағы географиялық жағдайларға қарай бағыт-бағдар алып, өздері тікелей шешім жасауға бейімделе түседі. Күні бүгінге дейін өтіп келген «Өжет» ойынының бірнеше кезеңдері осыны айғақтап отыр.

Бұл жауапты үлкен сынның финалдық кезеңінің әр сәтіне алқалы сарапшылар назар аударып, жіті көз салады. Барлық талаптың мінсіз орындалуын қадағалайды. Әскери-спорттық ойынға қатысушы пионерлер сапта жүріп шырқайтын әннен де, көше қозғалысынан да, әскери тактикалық ойындардан да, ату мен медициналық-санитарлық дайындықтан да, ГТО комплексі нормаларын тапсырудан да өзара жарысқа түседі, күш сынасады. Ал осындай алуан түрлі, қилы-қилы бәсекелерден суырылып дара көрінген отрядтар ғана жеңімпаз атанбақ. Иә, жеңіс биігі оңайшылықпен бағынбайды!

«Өжет» әскери-патриоттық ойынының екінші республикалық финалы жеткіншектер бойындағы тамаша қасиеттерді алмастай жарқыратып көрсетіп берді. Олардың баршасына тән — болашаққа құлшыныс. Жас өспірімдердің патриотизм рухын терең сезінуі, ерекше сүйсінтеді-ау! Қызыл галстуктілердің өміріне берік енген тамаша дәстүрдің бірі — Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флоты күні қарсаңында обелискілер мен даңқ ескерткіштері түбінде салтанатты сапта тұруы. Олар еліміздің Қарулы Күштері тарихын зерттеп білу жолында түрлі жұмыстар мен жарыстар өткізеді.

Иә, қызыл ізшілер бір сәтке тынбайды. Олар алуан-алуан жұмыстарды бір-біріне үздіксіз жалғастырып, ерлікке, батылдыққа баулитын жарыстарды ұйымдастырып тұрады.

Әне, көгілдір көк жүзіне қып-қызыл боп ракета ізі түсті. Көз жауын алар қызыл жолақ артынша тағы да қайталанды... Бұл — шабуылға шығуға берілген белгі. Қызыл галстукты жас өрен! Өзіңді үнемі қызықтыратын, сенен әкелер мен ағалар бойындағы тамаша қасиеттерді талап ететін пионерлік әскери-патриоттық «Өжет» ойынына әрдайым әзір жүр.

ЧЕМПИОН СЕГІЗІНШІ КЛАСТА ОҚИДЫ

Үлкен жол қашанда ілгері жетелейді. 1980 жылдың октябрі... Астана алтын күздің тамаша бояуына шомылған. Гимнастикадан Қазақ ССР кубогы үшін біріншілік өз жалауын көтерді. Бұл — Қарлығаш өміріндегі ең үлкен тұңғыш жарыс. Республиканың түпкір-түпкірінен келген небір тәжірибелі гимнастар өзара күш сынасуда. Әсіресе, Брейгина, Харисовалар жас ерекшеліктерімен болсын, тәжірибелері жағынан болсын ысылған спортшылар саналатын. Ал, күштілер, мықтылар арасындағы бәсеке қай кезде де тартысты өткен ғой.

Жас гимнастар бірінен соң бірі шығып бар шеберліктерін көрсетуде. Жанкүйер қауымда дегбір жоқ. Бірде көз ілеспес ылдым қозғалысқа тәнті болып, орындарынан ұшып тұрған бойы қол шапалақтап жіберсе, енді оқта-текте мүлт кеткен қателіктерін байқаған сәтте іштен тынып, үн-түнсіз отырып қалады-ау... Кезек Қарлығашқа да жетті.

Есік қаласынан келген он үш жасар гимнаст Қарлығаш Қалиева...

Хабарлаушының саңқылдаған дауысы зал ішін кернеп кетті. Бірақ... Әлгіндегідей емес, күнұзаққа дүрліккен жанкүйерлердің желпінісі оншалықты сезілмейді. Қуырған бидайдың бытырлағанындай әр тұстан болар болмас шапалақтар ғана естілген.

Ортаға еліктің лағындай ойнақтап талдырмаш қараторы қыз шықты. Алдындағы өнер көрсеткен өзге құрбыларына қарағанда әлдеқайда нәзік. Үстінде сары жолақ костюм... Жұдырықтай қыздың жалындаған жанары қас-қағым мезетте заңғарадай зап ішін түгел шолып өткен.

«Ине шаншар орын жоқ екен. Демек, сын да жауапты...» Іле шыбынның ұшқаны сезілер тыныштық орнады. Ал, мыңдаған жанар ортада ілкі сәт мүсіндей қатып қалған балғын гимнастка қадалған. Баяу ғана естілген әдемі әуез бірте-бірте шалқи көтеріліп, кең залдың ішін шарлап кетті. Жеп-жеңіл қимыл... әдемі әуенге үздіксіз айналып жатқандай. Ұршықша үйірілген Қарлығаштың әр қозғалысын жіті қадағалаған жанкүйер қауым балауса гимнастың еркін де, нық қадамына сүйсінген. Биік залдың күмбезін кернеген музыканың соңғы аккордтары ғажайып екпіндерге ұласты. Сол сәт... әлгінде ғана айдын келде аққудың көгілдіріндей қалқыған ол қос қолын алға сермей, қомданған сұңқарша көз ілеспес жылдамдықпен сонадайға дік етіп қанжардай қадалып қалды.

Сол-ақ екен қол шапалақтаған жанкүйерлер зал ішін дүр сілкіндіріп жіберді.

— Жарайсың, Қарлығаш!..

— Қарлығаш, Қарлығаш...

Екі құлағы шыңылдаған ол ештеңені естімеген. Маңдайынан сорғалаған жалғыз тамшы тер бал-бұл жанған жүзін сызған бойы ерніне тиді. Жып-жылы кермек дәм.

«Тер... еңбекпен төгілген тамшы ғой, бұл...»

Неге екенін білмейді көз алдына осы сәт жаттықтырушыларының бейнесін көлбеңдеткен. Иә, құлағының түбінде ұстаздары айтқан ақыл-кеңестері қаз-қалпында жаңғырып тұр.

Шыдамады... Ең, бірінші байқатқан әлсіздігі. Кірпігінен үзіліп түскен мөлдір тамшыны жасыра алмады.

«Жеңіс... қуаныштан төгілген тамшы ғой, бұл...»

Осы жолы Қарлығаш гимнастикалық снарядта сальтоны мүлтіксіз, асқан шеберлікпен орындады. Одан кейінгі екінші снарядта да үздік өнерімен дүйім жанкүйерді тәнті қалдырған. Ал бөрене үстіндегі үздік жаттығулары үшін өз құрбылары арасында бұрын-соңды ешбір спортшы қол жеткізбеген ең жоғары 10 баллға ие болды. Сөйтіп, тамаша шеберлігімен суырылып дара көрінген Қарлығаш Қалиева Қазақ ССР-інің абсолютті чемпионы атанды.

Жан дүниесімен құлай сүйген гимнастикада бірер жылдың аясында-ақ өзіндік өрнек, өзіндік мәнер айшықтап үлгірген балғын спортшы әсемдік пен сұлулыққа құштар барша жанның ынтық көңілін осылайша аулап алған еді. Сондықтан да жанкүйер қауым балауса гимнасқа деген жүрек жылуын, ыстық ықыласын зор қошаметпен көрсетіп жатты... Қарлығаш құшағы гүл шоғынан көрінбей кетті.

Ендігі жол одақтық жарыстарға бастаған. Белгілі спорт мамандарының назарына іліккен жас гимнаст Фрунзе, Қарағанды, Гродно, Ярославль қалаларында өткен додалы жарыстарға арнайы шақырылды. Томскіде өткен жастар арасындағы СССР біріншілігі Қарлығашқа екі бірдей қуаныш сыйлаған еді. Небір спорт саңлақтарының арасынан суырылып шығып, жүлделі екінші орынға көтерілуі — үлкен жетістік. Ал, оның омырауында жарқыраған күміс медаль халықаралық жарысқа жол ашқан. СССР құрама командасының сапына алынған Қарлығаш Монғол Халық Республикасында, Корея Халық-Демокра-

тиялық Республикасында өткен халықаралық жарыстарға қатысып, туған елге жеңіспен оралды.

Қазақстандық жас гимнаст туралы орталық «Советский спорт» газеті жылы лебіз білдіріп, спорттық гимнастика «жұлдыздарының» қатарына тағы бір жарық жұлдыз келіп қосылғанын асқақтата жазуы тектен тек емес. Өйткені, өткен жылдың көгілдір көктемінде Рига қаласында болған халықаралық турнирде Қарлығаш тамаша шеберлігімен айрықша дараланды. Күміс медальды жеңіп алған оның еркін жаттығуда орындаған 720 градустық сальтосын, қол тірей секірудегі 360 градусты «цукахарасын», бөренедегі «бұранда» сальтосын турнирге қатысқан тәжірибелі гимнастардың көбі жасай алмай қиналған.

Иә, жеңіс биігіне апарар жол даңғыл болмаса керек.

* * *

Сәуірдің шуақты күндері Қарлығаштың және бір табысы туралы хабарды әлемнің түкпір-түкпіріне таратты. Герман Демократиялық Республикасының Котбус қаласында болған халықаралық турнирге СССР құрамасының сапында сынға түскен қазақ қызы тамаша шеберлік көрсете білді. Жанкүйерлер қауымы мен спорт мамандарының назарын аударған оқушының сәтті қадамына қол соқпағандар аз-ау!

Он бес елдің небір саңлақтары қатысқан үлкен бәсекеде жерлесіміз брусья жаттығуында күміс медальды жеңіп алды. Ал, секіруден және еркін жаттығудан жүлделі үшінші орынға көтерілді. Совет гимнасшыларының арасында тек Қарлығаштың ғана жеңіс тұғырынан көрінгенін айтар болсақ, бұл жас спортшы үшін үлкен табыс.

Табыс табысқа ұлассын қашанда.

Бұл — қауырсын қанатқа білдірер баршаның тілегі.

— Біздің мектептің жас түлектері арасында гимнастикамен айналысып жүргендер көп-ақ. Олардың арасынан СССР спорт шебері Галя Семеняк, СССР спорт шеберіне кандидаттар Әйгерім Айқынбаева, Динара Бүркеева, Наташа Еремчук секілді құрбыларымыздың есімдерін мақтанышпен атар едім. Олар көтерілер биіктер әлі де алда деп ойлаймын.

Балғын спортшымен қоштасар сәтінде көкейде тұрған соңғы сауалды қойған едік.

— Болашақ мақсатың жөнінде не айтар едің?

— Әрине, мақсат көп. Бәрінен бұрын әр қадамымнан көз жазбайтын анам Тотияның аузынан тастамайтын сөзін қайталағым келеді. «Жас бол, үлкен бол, спорт бір орнында тұрып қалуды білмейді. Спортта тоқырау жоқ». Ендеше менің де ең үлкен арманым — СССР командасының құрамында олимпиадалық ойындарға қатысу.

Біз сәл сәтке ойланып қалдық.

...Иә, қауырсын қанаттың қазіргі қарымы әлі де талай биіктерді бағындыратынын айқын аңғартады.

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС



ӨНЕГЕЛІ ӨМІРБАЯН ІЗДЕРІ



ҚОҢЫРАУ КҮМБІРІ ШАҚЫРАДЫ НЕМЕСЕ
ЭПИЛОГ ОРНЫНДАҒЫ ОЧЕРК

ӨНЕГЕЛІ ӨМІРБАЯН ІЗДЕРІ

Күн көтерілместен себезгілеген сәуірдің нұрлы сәулесі айнала аймақты ерекше шуаққа бөлейді. Жапырақсыз сидам-сидам көрінер ағаштардың сүреңсіз бұтақтары да жасыл желекке оранып, жасанып шыға келген. Мектеп ауласы да тап-тұйнақтай. Ақшағаладай киінген жеткіншектердің жүздері де шат.

Бүгін мереке — ұлы көсемнің туған күні. Салтанатты линейкадан кейін Ленин бөлмесінде тақырыптық әңгіме сағаты өткізілмек. Бұл жауапты тапсырманы жылдағы әдетінше Сәкен ағай өзі қалап алған. Ол осы күнге тиянақты әзірленді. Бұрын-соңды балаларға айтылмаған көсем өміріне қатысты қызықты деректі — әңгіме тиегі еткісі келді. Сөйтіп, ұстаз көп жылдан бері жинап-терген Владимир Ильич Лениннің өмірі мен қызметіне байланысты арнаулы картотекаларын сан мәрте сапырыстырған. Түрлі кітаптар мен фотоальбомдар жинақтарын әлденеше рет парақтады. Көзге оттай басылар көсемнің жарқын бейнелері... Қайсібірлері жөнінде республикалық баспасөз беттерінде шыққан мақалаларының қиындыларын да қарап көрді. Бірақ... «Мұның бәрін оқушылардың өздері де оқып алған шығар». Осындай ойға түскен Сәкен көсемнің мына бір фотографиясына байланысты іздестіріп жүрген, соңғы жинақтаған деректері төңірегінде сөйлегенді жөн санаған.

Ленин бөлмесі... Инә шаншар орын жоқ. Ұстаздарының әңгімесін әр кез қызыға тыңдайтын шәкірттерінің арасында мектеп мұғалімдері де отыр. Есіктен қашанғы әдетінше жымия кірген ұстаз сәлемдесіп, оқушыларды В. И. Лениннің туған күнімен құттықтады.

— Балалар, мен бүгінгі үлкен мерекеге орай сендерге көсемнің біле бермейтін мына суреті туралы айтпақпын, — деген Сәкен Жәкеев қолындағы қағаз-журналдардың арасынан кітаптың сыртқы кө-

леміндей болатын фотографияны көрсетті.— Бұл суреттің қай кезде түсірілгенін білесіңдер ме? Ильичтің қасындағы кім?

Ұстаз сауалына ешкім шешіліп жауап бермеген. Жиналғандар арасынан екі-үш оқушы жарыса:

— Кинодан көргенбіз,— деді.

— Көрулерің әбден мүмкін. Ал, бұл сурет «Кремль ауласындағы серуен» деп аталады. Енді суретке назар аударып, жанар жүгіртіп қараңдаршы. Ұлы көсеміміз Владимир Ильич Ленин В. Д. Бонч-Бруевичпен бірге Кремль ауласында серуендеп жүр. Сендер біле бермейтін бұл кісі Халық Комиссарлар Советінің сол кездегі іс басқарушысы болған. Сурет 1918 жылы 16 октябрьде түсірілген. Осынау қымбат кадрдың өзіндік тарихы бар. Оны екінің бірі біле бермейтіні анық. Көсемнің көптеген суреттерінің ішінен еңбекшілерге тым ыстық көрінеді бұл фото.

Дәл деректер мен қызықты оқиғаларды әңгіменің өзегіне өре отырып, тәжірибелі ұстаз фотосуреттің тарихын байыппен ұзақ баяндады.

Тұшымды әңгіме аяқталғанда барып сілтідей тынған бөлме іші орындарынан қозғалып, көкейлеріне жетіп келген сауалдарын тұстұстан жаудырды. Тебіреністі де жайдары жүзі қарт ұстазды тұлғаландырып жібергендей. Әр шәкіртінің сұрақтарына байыппен, тиянақты жауап беріп тұр. Ал біз үлкен жүректі ұстаздың өмірбаянындағы өнегелі іздерге үңілген едік.

...Бүкіл ғұмыры жас жеткіншектер арасында өткен Сәкеңнің ұстаздық еңбек жолына да қырық жыл толыпты. Аз уақыт емес-ау! Шәкірттерге терең білім, саналы тәрбие берудегі мұғалімнің сан қырлы еңбегінің жалғыз дара қасиеті еріксіз өзіне тартқан. Алматы облысындағы Қаскелең ауданындағы «Биокомбинат» поселкесіндегі мектепте ұзақ жылдар ұстаздық еткен Сәкен Жәкеев есімін бүгінде бүкіл республикамыз біледі. Ол ширек ғасырдан бері В. И. Лениннің өміріне байланысты фотосуреттерді түбегейлі жинастырып, олардың түсірілу тарихын зерттеумен айналысып келеді. Кез келген адамның қолынан келе бермейтін ғанибетті іс. Өйткені, ұлы көсем бейнеленген әрбір фотосуреттің ізіне түсіп, оның қай уақытта, қандай оқиғаға қатысты түсірілгендігін суреттің авторы кім екендігін анықтау оңай шаруа емес. Сарсылып отыру, жалықпай іздену керек. Көне басы-

лымдардан бастап, алуан әдебиеттерді, түрлі газет-журналдарды, альбомдарды сапырып, парақтау — үлкен ыждаһаттылық пен төзімділікті талап етеді. Өз ісіне айрықша құлшыныспен кіріскен Сәкең қазір көп жылғы маңдай терінің жемісін қуана да, мақтана көрсеткен.

Ұстаз үйіндегі тек Владимир Ильич Ленин өміріне байланысты емес, Қазақстандағы фотография тарихына байланысты аса бай картотека мен жеке кітапханасы кімді болсын бірден баурап алары сөзсіз. Рет-ретімен, тақырып-тақырып бойынша жүйелеген Ильичтің жарқын бейнелері, олардың әрқайсысы туралы қызықты да, тартымды тілмен жазылған үлкенді-кішілі материалдар жан баурайды. Кейбір газет-журнал қиындылары мен тізбелері жанар жүгірткен бойда-ақ көзге жылы ұшырайды. Бұрын өзіміз тамсана оқыған дүниелер. Қандай мерей! «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған «Ұлы бейне» атты материал В. И. Лениннің шаруалармен түскен фотосуреттері туралы сыр шертсе, «Лениншіл жас» газеті мен «Пионер» журналында жүйелі басылған мақалалар сериялары өткен жылдар жаңғырығын қаз-қалпында елестетіп жібергендей. Тірнектеп жиған мол деректерді, көсем өміріне қатысты суреттерді қаттап қана қоймай, оларды жүйелеп Сәкен Жәкеев «В. И. Лениннің тарихи фотосуреттерін жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарына пайдалану» деген тақырыпта арнаулы зерттеу еңбегін жазуда екен. Тәрбиелік мазмұны, мәні зор мұндай еңбектің бағасын асқақтатпай-ақ айтқанның өзінде, лениндік фотодеректерді мектептерде оқу-тәрбие құралы ретінде пайдаланудың методикалық жүйесінің құрылмағаны баршамызға аян. Қуаныштысы — тәжірибелі ұстаз ұзақ жылғы еңбегі негізінде бастауыш класс оқушыларына арнап өз методикасын жасапты. Алдағы уақытта осындай методиканы жоғары класс оқушылары үшін де жасамақ ойын ол әңгіме арасында байқатқан еді.

Ол көкейіндегі ойларын да ортаға салған.

— Лениндік фотосуреттерді тарих және тіл пәндері сабағында оқылатын материалдарға қосымша көрнекі құрал ретінде пайдаланудың маңызы зор. Өйткені, дүние жүзі пролетариаты көсемінің әрбір фотосуреті революциялық күрестің белгілі бір кезеңдерін нақты белгілейді. Сондықтан да, лениндік фотодокументтердің, әсіресе, тарих сабақтарындағы танымдық ролі ерекше. Ал сабақты тартымды,

мазмұнды өткізуді мақсат еткен кез келген ұстаздың творчествосының осындай ізденістердің мол болғанын қалар едім.

Сәкен әңгіме арасында бір жапырақ қағазды ұсынған. Қазақстандық мұғалімнің атына хатты Орталық партия архиві жолдапты. Онда: «КПСС Орталық Комитетінің жанындағы марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві сіздің ұсыныс, пікірлеріңізге алғыс білдіреді. Айтқандарыңыз басылым редколлегиясының назарына алынды» делінген.

Бұрын жарық көрген «Ленин. Фотографиялар мен кинокадрлар» жинағының екінші басылымы әзірленіп жатқанда кітаптағы кейбір фотосуреттердің тарихы әлі де болса нақтыланып, орналасу реті көсем өмірінің кезеңдеріне сәйкестене, мазмұны байытыла түссе деген өз пікірін, тілегін білдірген қарапайым ауыл мұғалімінің хатына келген жауап. Көңіл өсіріп, мерей тасытты. Шындығында көсем өмірін, оның қызметін жіті қадағалап, арнайы зерттеу жүргізіп отырған үлкен коллективтің қарапайым оқырман пікірін назарға алуы қандай қуаныш.

Ұлағатты ұстаз Сәкен Жәкеев әлі де өз шәкірттері арасында. Ол өзі сүйіп қалаған маңызды ісі туралы, ұлы көсемге қатысты жаңа деректер төңірегінде жас жеткіншектерге қызықты да мазмұнды әңгімелер шертіп беруді үзбей жалғастырып келеді. Ол үшін көсемнің жарқын бейнесінен артық дүние жоқ.

Ал шәкірттері болса ұстаздарының өнегелі іздеріне тереңірек үңіле түскісі келеді.

ҚОҢЫРАУ КҮМБІРІ ШАҚЫРАДЫ НЕМЕСЕ ЭПИЛОГ ОРНЫНДАҒЫ ОЧЕРК

Сонау сары ала күздің шуақты таңы күні кешегідей жадында. Сарғайып атырған сол бір сентябрь таңында екінші рет мектеп табалдырығын имене аттағаны, күміс қоңыраудың алғашқы сыңғыры, тұңғыш сабақ... Білім қиясына құлаш ұрсам деген бүлдіршін шәкірт жүрегінің нәзік дүрсілі, пәк көңілі, мөлдір күлкісі. Бәрі-бәрі... тіпті үзіліп түскен жалғыз тал жез жапырақтың әсерін де ұмытпаған. Түйетабан сары жапырақты оқушыларға көрсетіп тұрып, бала мұғалім Нұрлыбек өзінің ең бірінші сабағын жүргізген-ді.

— Балалар, мына жапырақ ненің белгісі?

— Күз белгісі...

— Күздің, ағай...

Аядай кластағы оқушылар жарыса шу, ете түсті.

— Тағы да осы жапыраққа байланысты нені, аңғаруға болар еді.

— ?..

— Ойланып көріңдерші.

Сәл сәтке тыныштық билеген бөлменің арт жағынан:

— Жаңа оқу жылының... деген балғын дауыс естілді. Бұл сөзді кластағы басқа оқушылар да бір-бір қайталап шықты.

— Иә, балалар, алтын күздің алғашқы таңымен бірге сендердің жаңа оқу жылдарың басталады. Осы күнді қай-қайсыларың болма-сын жылма-жыл асыға күтетін боласыңдар.

— Біздің мұғалім ағай қандай жақсы түсіндіреді.

Бірінші кластықтардың алғашқы сабақ әсері, алғашқы мұғалімдері жайлы шертер сезімі шексіз. Ал олар өз мұғалімдерінің тұңғыш сабағын тыңдағанын білмейтін еді. Тек ұстаз бен шәкірт арасындағы алғашқы диалогтар әсері әр жүректерде ұмытылмастай сайраулы. Байқаса мұның бәрі ұстаздық үлкен өмір жолының увертуралары екен ғой.

...Қырық бірінші жылдың қаралы хабары жетіп, ауылдың ер-азаматтары майдан даласына толассыз аттануда. Сабақ тоқталған жоқ. Нұрлыбек өз шәкірттеріне Отанын сүюге, оны ерлікпен қорғауға қашанда әзір патриот болып өсуді барынша үйреткісі келді. Әкелерін, ағаларын, туған-туыстарын шығарып салған бүлдіршіндердің бір сәт

жасымауын ойлаған ол әр сабағында совет адамдарының ерлігін, олардың әділ ісін жан-жақты түсіндіріп әңгімелеп жүрді.

Кешікпей ауыл балалары өз ұстаздары Нұрлыбекті де майдан даласына шығарып салды. Шәкірттерінің жасты көздерін, сынық жүздерін көрген жас ұстаз қайраттана, жігерлене сөйледі.

— Жыламаңдар, сүйікті менің шәкірттерім. Еңселеріңді түсірмей, сабақтарыңды жақсы оқыңдар. Толарсақтан саз кешіп, түн қатып жүрген соғыс даласындағы әкелерің мен ағаларың үшін ерінбей еңбек етіңдер. Сөз жоқ, жеңіспен ораламыз.

Мұғалімдерінің мына сөзі бастары салбыраған оқушыларды сәл сөтке болсын жадыратып жіберген-ді.

— Жеңіспен оралыңдар, ағайлар!

Бар жүректер осылайша соққан еді сонда.

Көптен күткен жеңіс минуты миллиондар жүрегіне қуаныш көгершіні боп қайта қонақтады. Көгілдір көк күмбезінде сүйінші сұрап ақ көңілдей ақша бұлттар қалқиды. Қауышқан құшақтар, сағыныш саздары... Соғыстан қайтқан солдаттар бейбіт еңбек майданының көрігін қыздыра келді. Бүлдіршін сәбидің сынық жүзінде, ойлы көзінде күн күлді жарқырап. Өз ұстаздарын асыға күткен жас жүректер күнді-күнге жалғаған. Бірақ...

Көптің бірі болып майданнан оралған Нұрлыбек Лепсі станциясында қалып, жұмысқа орналасты. Туған жердің қасиетті топырағын басқанына қуанышты, әйтеуір. Төрт-бес жыл партиялық қызметтерде істеген ол шәкірттер ортасын аңсаған. Сол думанды ортаға оралды да. Бөрлітебе ауданындағы М. Горький атындағы, Абай атындағы, Ерікті орта мектептерінде бірнеше жылдар директор болған Нұрлыбек Исаев соңғы оншақты жыл өзі оқып, ұстаздық жолын бастаған Көпбірлік орта мектебінде директор болып істеді. Қазір ол қарапайым мұғалім. География пәнінен сабақ беріп жүр. Есімі ұрпақтар жүрегінде ұялаған ұлағатты ұстаз оқу ағарту ісінің үздігі. Мектептегі мұғалімдер коллективі тұтастай өзінен дәріс алған бір кездегі шәкірттері. Нұрекеңнің оқушыларын бүгінгі таңда республикамыздың көптеген нүктелерінен кездестіресің. Олардың мамандықтары да сан алуан — инженер, ғалым, дәрігер, мұғалім, агроном... Партия, комсомол қызметтерінде жүргендері қаншама.

Олардың аттарын тізбектемесек те осы очеркті оқыған әркім-ақ «бұл — менің ұстазым» деп айтары сөзсіз...

Нұрлыбек ағаның балалары да бір-бір үйдің азаматы. Әке үлгісін, әке тәрбиесін көріп өскен Нұрекеңнің Бақытжаны мен Ырысжаны жоғары білімді мұғалім болса, Айжаны адам жанының арашашысы — дәрігер. Ал, Бауыржаны мен Серікжаны жоғары оқу орындарын бітірген білікті мамандар.

* * *

Шығыс жақты қызыл арайға бояп, күн шығып келеді. Сауылдап жез жапырақтар түсіп жатыр. Календарьдың талай беттері парақталып жеткен сары күз. Әлдеқайдан құстар сұңқылы талып естіледі. Көз ұшында қайтқан құстар тізбегі. Әдеттегіше ерте ояңған Нұрлыбек сүйікті думанды ортасы—мектепке асығып барады. Ұлағатты ұстазды қоңыраудың күміс күмбірі шақырады.

Жез жапырақтар түсіп жатыр. Бұл — Нұрлыбек ағайдың ұстаздық тағы бір күзі еді...

ЖАНАТ ЕЛЬЧИБЕКОВ

Наш второй дом

(на казахском языке)

Рецензент **Е. Сапуанов**

Зав. редакцией **М. Ж. Жамеков**

Редактор **А. Мендекеев**

Художественный редактор **В. Логинов**

Тех. редактор **И. Мартынченко**

Корректор **Н. Жексембаева**

Сдано в набор 1.09.82 г. Подписано к печати 4.04.83 г. Формат 70×108^{1/2}. УГ 21037. Бумага тип. № 3. Гарнитура журнально-рублиная. Печать высокая. Объем 1,75 печ. л. Усл. п. л. 2,45. Уч.-изд. л. 2,5. Тираж 5000 экз. Заказ 3394. Цена 5 коп.

Издательство «Мектеп» Государственного комитета КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 41.

